

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

І. ЖАНСУГІРОВ атындағы ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

## ХАБАРШЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ  
1997ж. бері жарияланады  
Жылына 4 рет шығады



ЖЕТЫСУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени И. ЖАНСУГУРОВА

## ВЕСТНИК

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Издается с января 1997 года  
Периодичность – 4 раза в год



ZHETYSU STATE UNIVERSITY named after ILYAS ZHANSUGUROV

## BULLETIN

SCIENTIFIC JOURNAL  
Founded in 1997  
Published 4 times a year

# №2(94)

Талдықорған, 2020

**ЖМУ ХАБАРШЫСЫ**  
**Ғылыми журнал**

**1997 ж. бері шығарылады**  
ҚР ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігінде қайта тіркелген.

Куәлік № KZ42VPY00015763  
8 қазан 2019 ж.  
**ISSN 2616-8901**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

**Бас редактор**

География ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА  
академигі **Қ.М. Баймырзаев**

Бас редактордың орынбасары–техника ғылымдарының докторы,  
профессор **Е.С. Андасбаев**

Жауапты хатшы– биология ғылымдарының кандидаты, доцент  
**А.С. Бахтаулова**

**Редколлегия мүшелері:**

**Калдияров Данияр Алтаевич** – экономика ғылымдарының  
докторы, Еуразия халықаралық экономикалық академиясының  
академигі (Қазақстан)

**Байғабатова Назгуль Кажимуратовна** – тарих ғылымдарының  
кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., ESCAS және  
тарихшылар Ассоциациясының мүшесі (Қазақстан)

**Карпова Елена Викторовна** – психология ғылымдарының докторы,  
профессор (Ресей Федерациясы)

**Килевая Людмила Тимофеевна** – филология ғылымдарының  
докторы (ЕС жүйесі бойынша гуманитарлық ғылымдарының  
хабилитат докторы), профессор (Польша)

**Майлыбаева Гулмира Сабыровна** – Ph.D, қауымдастырылған  
профессор м.а., (Қазақстан)

**Петер Финке (Peter Finke)** – профессор (Швейцария)

**Томм Розанн Янг (Tomme Rosanne Young)** – Ph.D (США)

**Утегенов Ерлан Казбекович** – педагогика ғылымдарының  
кандидаты, профессор м.а. (Қазақстан)

**Федоров Александр Иванович** – педагогика ғылымдарының  
кандидаты, доцент (Ресей Федерациясы)

**Редакция алқасының мекенжайы:** 040009, Талдықорған қ., Жансүгіров көшесі  
187А, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Ғылым және  
стратегиялық даму орталығы. 309 каб.

**e-mail:** zhgunauka@mail.ru, **сайт:** <http://vestnik.zhgu.edu.kz/>

Жауапты редактор – Мурыгина С.И.

Компьютерлік қалыптаушы – Мұқанова А.Н., мұқабаның дизайнері – Дубекова Н.М.

Басуға 14.09.2020 ж. қол қойылды. Өріп түрі «Korinna.kz, Times New Roman». Қалыбы 60x84/8. SvetoCopy  
қағазы. Таралымы 100 дана. Ш.т.б.18.5.

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ баспа бөлімінде шығарылды

Тапсырыс № 00295

Тапсырыс беруші файлынан басылды

**ВЕСТНИК ЖГУ**  
**Научный журнал**

**Издается с 1997 года**  
Перерегистрирован Министерством  
информации и общественного  
развития Республики Казахстан

Свидетельство № KZ42VPY00015763  
от 8 октября 2019 г.  
**ISSN2616-8901**

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Главный редактор**

доктор географических наук, профессор, академик НАН РК  
**Қ.М. Баймырзаев**

Зам. главного редактора – доктор технических наук, профессор

**Е.С. Андасбаев**

Ответственный секретарь – кандидат биологических наук,  
доцент **А.С. Бахтаулова**

**Члены редколлегии:**

**Калдияров Данияр Алтаевич** – доктор экономических наук,  
профессор, Академик Международной экономической академии  
Евразии (Казахстан)

**Байгабатова Назгуль Кажимуратовна** – кандидат исторических  
наук, и.о. ассоциированного профессора, член ESCAS, член Ассоциации  
историков (Казахстан)

**Карпова Елена Викторовна** – доктор психологических наук,  
профессор (Российская Федерация)

**Килевая Людмила Тимофеевна** – доктор филологических наук  
(хабилизированный доктор гуманитарных наук по системе ЕС),  
профессор (Польша)

**Майлыбаева Гулмира Сабыровна** – Ph.D, и.о. ассоциированного  
профессора (Казахстан)

**Петер Финке (Peter Finke)** – профессор (Швейцария)

**Томм Розанн Янг (Tomme Rosanne Young)** – Ph.D (США)

**Утегенов Ерлан Казбекович** – кандидат педагогических наук, и.о. профессора  
(Казахстан)

**Федоров Александр Иванович** – кандидат педагогических наук,  
доцент (Российская Федерация)

**Адрес редакционной коллегии:** 040009, г. Талдыкорган, ул. Жансугурова 187 А,  
Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, Центр науки и  
стратегического развития, каб. 309.

**e-mail:** zhgunauka@mail.ru, **сайт:** <http://vestnik.zhgu.edu.kz/>

Ответственный редактор – Мурыгина С.И.

Компьютерная верстка – Мұқанова А.Н., дизайн обложки – Дубекова Н.М.

Подписано в печать 14.09.2020 г. Гарнитура «Korinna.kz, Times New Roman». Формат 60x84/8. Бумага  
SvetoCopy. Тираж 100 экз. Усл.п.л.18.5.

Отпечатано в издательском отделе ЖГУ им. И. Жансугурова.

Заказ № 00295

Распечатано с файла заказчика

**BULLETIN of the ZhSU**  
**Scientific journal**

Founded in 1997  
Re-registered by the Ministry  
of information and public development  
of the Republic of Kazakhstan.

Certificate No. KZ42VPY00015763  
dated October 8, 2019  
**ISSN2616-8901**

**EDITORIAL BOARD**

**Main Editor**

Doctor of Geographical sciences, Professor, Honorary academician of  
the NAS RK **K. Baimyrzayev**

Deputy main Editor – Doctor of Technical sciences, Professor

**Ye. Andasbayev**

Responsible secretary – Candidate of Biological sciences, Associate  
Professor **A. Bakhtaulova**

**Editorial board members:**

**Daniyar Kaldiyarov** – Doctor of Economic sciences, Professor,  
Academician of the International economic academy of Eurasia  
(Kazakhstan)

**Nazgul Baigabatova** – Candidate of Historical sciences, Acting Associate  
Professor, member of ESSAS, member of the Association of historians  
(Kazakhstan)

**Yelena Karpova** – Doctor of Psychological sciences, Professor (Russian  
Federation)

**Lyudmila Kil'evaya** – Doctor of Philological sciences (habilitated doctor  
of Humanities in the EU system), Professor (Poland)

**Gulmira Mailybayeva** – Ph.D, Acting Associate Professor (Kazakhstan)

**Peter Finke** – Doctor of Sciences, professor (Switzerland)

**Tomme Rosanne Young** – Ph.D (USA)

**Yerlan Utegenov** – Candidate of Pedagogical sciences, Acting Professor  
(Kazakhstan)

**Alexander Fedorov** – Candidate of Pedagogical sciences, Associate  
Professor (Russian Federation)

**Postal address:** 040009, Taldykorkan, 187A Zhansugurov str., Zhetysu state university  
named after I. Zhansugurov, Science and strategic development center, office 309.

**e-mail:** zhgunauka@mail.ru; **web-site:** <http://vestnik.zhgu.edu.kz/>

Responsible Editor – S.I. Murygina

Desktop publishing A.N. Mukanova, Cover Design– N.M. Dubekova

Signed in print 14.09.2020 r. Typeface «Korinna.kz, Times New Roman». Format 60x84/8. Paper

SvetoCopy.Circulation 100 copies. Volume 18.5. pr. sh.

Printed in the ZhSU named after I. Zhansugurov Publishing house.

OrderNo. 00295

Printed from customer file

**МАЗМУНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ**

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР**

Abdualiyeva R., Kabdualiyev D., Serikov B. <b>QUESTIONNAIRE SYSTEM BASED ON WEB-TECHNOLOGIES.....</b>	10
Алдабергенова А.О. <b>НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ АЛГЕБРАНЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....</b>	12
Андасбаев Е.С., Әлімбаева А.Р. <b>ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....</b>	20
Андасбаев Е.С., Исабаева А.Е., Исабаева С.Д. <b>ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗАҚ ПАРАМИЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ.....</b>	24
Есейкызы А., Смагулов Е.Ж., Темербекова А.А., Танабаева А.М. <b>ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКИ.....</b>	27
Жанатбекова Н.Ж., Абдулаева Ә.Б., Нурғалиева Д.Б. <b>МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ У ОБУЧАЮЩИХСЯ УМЕНИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНО ОСУЩЕСТВЛЯТЬ УЧЕБНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....</b>	33
Кожашева Г.О., Лим В.С., Ким Д.А. <b>ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ В УСЛОВИЯХ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ.....</b>	38
Намазбаев Қ.Т., Тарихов Н. <b>«ТҰРАҚТЫ ТОҚ» ЗАҢДАРЫН ОҚЫП ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ СТЕНД.....</b>	42
Омаров Ж. А., Имашев А.Е <b>КӨПМҮШЕЛІКТЕР АЛГЕБРАСЫ БОЙЫНША ОЛИМПИАДАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ ӘДІСТЕРІ ЗЕРТТЕУ.....</b>	45
Пазылхан Н.М., Рахимова Д.Р. <b>ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН МАШИНАЛЫҚ АУДАРМАСЫ ҮШІН ПОСТ- РЕДАКЦИЯЛАУ МОДЕЛІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУ.....</b>	50
Сагадинова А.Н., Тусіпбаева М.Б. <b>ФИЗИКАЛЫҚ ӨЛШЕУЛЕР.ФИЗИКАЛЫҚ ӨЛШЕУЛЕР КЕЗІНДЕГІ ҚАТЕЛІКТЕР.....</b>	58

Смагулова Л.А. <b>TKINTER МОДУЛІНІҢ КӨМЕГІМЕН PYTHON-ДА GUI-ДІ ПРОГРАММАЛАУ</b> .....	64
Тасболатова Р.Б., Қаратас Ж.М., <b>МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ТУРАЛЫ</b> .....	69
Укушева Т.К., Атабаева А.М. <b>ОПРЕДЕЛЕНИЕ СВОЙСТВ ВНИМАНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ</b> .....	73
<b>ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ</b>	
Бахтаулова А.С., Мейірхан И. <b>АНАТОМИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СТРОЕНИЯ ГОДИЧНЫХ ПОБЕГОВ ДИКОПЛОДОВЫХ ВИДОВ MALUS SIEVÉRSII, MALUS NIEDZWETZKYANA</b> .....	82
Daurenbekova Sh., Kabdygaliyeva S. <b>FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF AN ELECTRONIC TEXTBOOK «BIORESOURCES OF KAZAKHSTAN» FOR STUDENTS OF MULTILINGUAL EDUCATION</b> .....	87
Кыдырбаева А.Т., Исабаев А. <b>САРҚАН ӨңІРІНІҢ САКРАЛЬДЫ НЫСАНДАРЫ</b> .....	96
Maussumbaeva A., Nurmukhametova A. <b>DETERMINING THE DEGREE OF VISUAL ACUITY AMONG STUDENTS AND WAYS TO PREVENT IDENTIFIED ABNORMALITIES</b> .....	103
Oxikbayev B., Ukusheva T., Atabayeva A. <b>THE STUDY OF EFFECTIVE METHODS OF TEACHING BIOLOGY IN ENGLISH</b> .....	106
Sydykbayeva S., Imangazinova Zh., Beisembayeva L. <b>OBTAINING CHEMICAL AMELIORATORS FROM INDUSTRIAL WASTE</b> .....	115
Tokpanov Ye., Abdimanapov B., Mukhitdinova R. <b>FEATURES OF THE FORMATION OF A UNIQUE NATURAL MONUMENT OF RELICT REED BOGS IN THE FLOODPLAIN OF THE LEPSY RIVER</b> .....	120
Селим Л., Токпанов Е.А., Кыдырбаева А.Т. <b>АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАБИғИ ЕМДІК КИЕЛІ ОРЫНДАРДЫҢ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕРІ</b> .....	125
Турлыбекова М.Р., Тоқанбаев А.Е. <b>ӨНДІРІСТІК ОРТАНЫҢ ЗИЯНДЫ ЖӘНЕ ҚАУІПТІ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ӘСЕР ЕТУІ</b> .....	132

**CONTENT**  
**ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ – TECHNICAL SCIENCES**

Abdualiyeva R., Kabdualiyev D., Serikov B. <b>QUESTIONNAIRE SYSTEM BASED ON WEB-TECHNOLOGIES.....</b>	10
Aldabergenova A. <b>POSSIBILITIES OF USING COMPUTER TECHNOLOGIES IN TEACHING ALGEBRA IN BASIC SCHOOLS.....</b>	12
Andasbayev E., Alimbekova A. <b>USING INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN PHYSICS LESSONS.....</b>	20
Andasbayev E., Isabaeva A., Issabayeva S. <b>THE ROLE OF KAZAKH PRINCIPLES IN TEACHING PHYSICS.....</b>	24
Yessikyzy A., Smagulov E., Temerbekova A., Tanabayeva A. <b>BASIC PROVISIONS OF LOGICAL THINKING FORMATION IN TEACHING MATHEMATICS.....</b>	27
Zhanatbekova N., Abdulayeva A., Nurgaliyeva D. <b>METHODS OF FORMING STUDENTS' ABILITY TO INDEPENDENTLY CARRY OUT EDUCATIONAL RESEARCH.....</b>	33
Kozhasheva G., Lim V., Kim D. <b>FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCES OF FUTURE MATHEMATICS TEACHERS IN THE CONDITIONS OF MULTYLINGUAL EDUCATION.....</b>	38
Namazbaev K., Tarikhov N. <b>DEMONSTRATION STAND FOR STUDYING DC LAWS.....</b>	42
Omarov Zh., Imashev A. <b>STUDY OF METHODS FOR SOLVING OLYMPIAD PROBLEMS IN POLYNOMIAL ALGEBRA.....</b>	45
Pazylkhan N., Rakhimova D. <b>RESEARCH AND DEVELOPMENT OF A POST-EDITING MODEL FOR KAZAKH-ENGLISH MACHINE TRANSLATION.....</b>	50
Sagadinova A., Tusupbaeva M. <b>PHYSICAL MEASUREMENT ERRORS IN PHYSICAL MEASUREMENTS.....</b>	58
Smagulova L. <b>TKINTER PROGRAMMING THE GUI IN PYTHON USING THE TKINTER MODULE.....</b>	64
Tasbolatova R., Karatas Zh. <b>ABOUT THE NATIONAL OUTLOOK IN THE TEACHING OF MATHEMATICS.....</b>	69

Ukusheva T., Atabayeva A. <b>DETERMINING THE PROPERTIES OF ATTENTION IN THE EDUCATIONAL PROCESS.....</b>	73
---	----

**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ – NATURAL SCIENCES**

Bakhtaulova A., Meyirkhan I. <b>ANATOMICAL FEATURES OF STRUCTURE ANNUAL SHOOTS OF WILD- FRUIT SPECIES MÁLUS SIEVÉRSII, MALUS NIEDZWETZKYANA.....</b>	82
---	----

Daurenbekova Sh., Kabdygaliyeva S. <b>FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF AN ELECTRONIC TEXTBOOK «BIORESOURCES OF KAZAKHSTAN» FOR STUDENTS OF MULTILINGUAL EDUCATION.....</b>	87
---	----

Kydyrbayeva A., Issabayev A. <b>SACRED OBJECTS OF THE SARGAND REGION.....</b>	96
--	----

Maussumbaeva A., Nurmukhametova A. <b>DETERMINING THE DEGREE OF VISUAL ACUITY AMONG STUDENTS AND WAYS TO PREVENT IDENTIFIED ABNORMALITIES.....</b>	103
---	-----

Oxikbayev B., Ukusheva T., Atabayeva A. <b>THE STUDY OF EFFECTIVE METHODS OF TEACHING BIOLOGY IN ENGLISH.....</b>	106
--	-----

Sydykbayeva S., Imangazinova Zh., Beisembayeva L. <b>OBTAINING CHEMICAL AMELIORATORS FROM INDUSTRIAL WASTE....</b>	115
---	-----

Tokpanov Ye., Abdimanapov B., Mukhitdinova R. <b>FEATURES OF THE FORMATION OF A UNIQUE NATURAL MONUMENT OF RELICTPEAT BOGS IN THE FLOODPLAIN OF THE LEPSY RIVER.....</b>	120
---	-----

Selim L., Tokpanov E., Kydyrbaeva A. <b>GENERAL FEATURES OF NATURAL HEALING SACRED MINERAL SPRINGS IN THE ALMATY REGION.....</b>	125
---	-----

Turlybekova M., Tokanbaev A. <b>EXPOSURE OF EMPLOYEES TO HARMFUL AND DANGEROUS FACTORS OF THE PRODUCTIONENVIRONMENT.....</b>	132
---	-----



**ТЕХНИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМДАР**

**ТЕХНИЧЕСКИЕ  
НАУКИ**

**TECHNICAL  
SCIENCES**

## QUESTIONNAIRE SYSTEM BASED ON WEB-TECHNOLOGIES

*Abdualiyeva R., Kabdualiyev D., Serikov B.*

*The automated system of electronic questionnaire for an institute of high education is discussed in the article.*

**Key words:** *pooling system, data analyzing, web technologies.*

### **Introduction**

Questioning is one of the main forms of taking into account the opinions of respondents in sociological, psychological, economic, pedagogical, and other studies. Regardless of the type of research, the questionnaire survey process can be conditionally divided into four stages: preparation of questionnaires, questionnaire survey (data collection), processing of collected data, formation of conclusions about questionnaire results and management decisions based on them.

### **Possible system requirements**

As you know, the use of modern information technologies can significantly increase the efficiency of the questionnaire process. Therefore, when creating a system for monitoring the quality of educational services provided by the university, the information resources of the electronic questionnaire system should be accessible from the Internet and provide the opportunity to conduct electronic questionnaires and view results online. The system should provide dynamic control of access to system resources, a variety of simultaneously implemented processes for editing questionnaires, electronic questionnaires, operational and data mining. The questionnaire system should provide for the expansion of its functional capabilities during operation.

The system must satisfy such requirements as recording the results of the polls in a database (DB), conducting operational analysis, collecting statistical data at the stage of passing the survey, building reports on the results of the survey. The programming language chosen is HTML, CSS, JavaScript, PHP, which are distinguished by openness, the presence of a large number of freely distributed libraries and the possibility of cross-platform.

The choice between two and three-tier architectures for building the system was made on the basis of analysis of computer performance and the load on the data transfer network, as well as the estimated load on the system as a whole. As a result of the analysis, the technology of the "thin client" was selected, which allowed transferring the computational load to the server part of the system and minimizing the requirements for students' computers. In addition, the use of a three-tier architecture with dedicated application server and database server allowed us to vary the load on the functional parts of the system.

The questionnaire may consist of one or several pages (for example, divided thematically: Information about the university, information about the needs, etc.) For the page, you must specify a name and description (for example, the name "Information about the university", description - "Tell us a little about yourself and your specialty").

An unlimited number of questions and answers in the questionnaire is possible, depending on the chosen method and purpose of the questionnaire.

Types of questions can be very different:

- single answer list
- list with multiple answers
- rating
- ranking
- text block for free reply

- calendar,etc.

For fields we can set various properties:

Field name (question)

- required or not required field
- a hint to the question (Question Hint) explaining what should be included in the answer (for example, the Company name field, hint. Indicate the full official name of your organization)
- field width
- number of characters in the response (for example, at least 11 characters for a mobile phone number, etc.)

In addition, when creating a questionnaire, you can specify the logic of questions based on the responses received (Question Logic). For example, if a student in the questionnaire answers “Yes” to the question “Do you plan to continue training”, a new question pops up for him, “In what specialty?” - with options to choose from. This question will not appear with the answer “No” to the previous question.

The developed system should provide: construction of questionnaires (it is possible to use predefined types of answers, the formation of new ones); creating user group accounts and assigning them certain rights to profiles; questionnaire administration; registration and storage of data on customer satisfaction with the quality of educational services; generation of statistics on the passage of questionnaires and the presentation of the results of the questionnaire in the form of histograms and in a table representation; generating reports based on the results of the survey.

The main advantages of a student satisfaction monitoring system based on Web technologies include:

- elimination of the stages of printing questionnaires, subsequent manual input of information for analysis;
- efficiency in summing up and publishing them;
- expansion of the territorial coverage of consumers during remote survey;
- the ability to control the process of passing the survey;
- the ability to quickly edit questionnaire texts (for example, correcting spelling errors).

The system should be designed to operate on networks that support the HTTP protocol. On the client side, you must have a web browser that supports JavaScript. This allows you to take a survey on any modern computer, regardless of the installed operating system. The server part of the system should be designed to work under the control of a Web server. As a database server, MS SQL Server 2000/2005/2008, MySQL and Firebird can be used. Requirements are made to the hardware of the system depending on the maximum possible planned load. Using the Resin version under Linux \ Unix or under Windows allows you to deploy the system to servers running these operating systems.

### **Conclusion**

From all have been discussed above, it is clear that the development of a questionnaire information system that supports the creation and editing of questionnaires, the processes of simultaneously interviewing various groups of respondents in remote access mode, the collection, processing and storage of results is extremely important for improving the quality of education.

### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Система анкетирования на основе Web-технологий / А. Ю. Афонин, П. П. Макарычев // Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Технические науки. – 2010. – № 3 (15). – С. 49–57.
2. <https://habr.com/> Анкетирование клиентов

**WEB-ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕГІ САУАЛНАМАЛЫҚ ЖҮЙЕ***Абдуалиева Р.Е., Кабдуалиев Д.К., Серіков Б.*

*Талқылануда автоматтандырылған жүйесі электрондық сауалнама жүргізу, жоғары оқу орындарында.*

**Кілт сөздер:** *жүйесі сауалнама жүргізу, деректерді талдау, веб-технологиялар.*

**СИСТЕМА АНКЕТИРОВАНИЕ НА ОСНОВЕ WEB-ТЕХНОЛОГИЙ***Abdualiyeva R., Kabdualiye D., Serikov B.*

*Обсуждается автоматизированная система электронного анкетирования в высших учебных заведениях.*

**Ключевые слова:** *система анкетирования, анализ данных, веб-технологии.*

*Материал поступил в редакцию: 03.06.2020 г.*

ЭОЖ 371.315.7:004.4:512

**НЕГІЗГІМЕКТЕПТЕ АЛГЕБРАНЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК  
БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ***Алдабергенова А.О.*

*Зерттеу пәні - негізгі мектепте алгебраны оқыту процесінде компьютерлік технологияны қолдану. Жұмыстың мақсаты - алгебра курсының негізгі мазмұнды-әдістемелік бағытын оқып үйренуде компьютерлік бағдарламаларды қолданудың мүмкіндіктерін көрсету. Зерттеудің әдіснамалық негіздері: таным, білім, жеке тұлға және оның іс-әрекеті, ақыл-ой, ойлау, құндылық туралы психологиялық, педагогикалық теориялар мен тұжырымдамалар, білім сапасын арттыру туралы қағидалар. Зерттеу нәтижелері: математиканы оқытудағы компьютерлік бағдарламалардың мүмкіндіктері; компьютерлік бағдарламаларды қолданып орындауға болатын тапсырмалардың негізгі түрлері; дәстүрлі оқыту мен компьютерлік бағдарламаларды қолданып оқытуға жасалған салыстырмалы талдау. Қорытынды: компьютерлік бағдарламаларды сабақтың барлық кезеңдеріне қолдануға және әрбір кезеңде айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізуге болады.*

**Кілт сөздер:** *негізгі мектеп, компьютер, бағдарлама, алгебраны оқыту, білім, дағды.*

**Кіріспе.** Компьютерлік технологиялар қазіргі қоғамның әртүрлі салаларында, соның ішінде білім беруде кеңінен қолданылады. Оларды қолдану мақсаты адамның жаңа ақпараттық қоғамдағы интеллектуалдық мүмкіндіктерін күшейту, сонымен қатар білім беру жүйесінің барлық сатыларында оқытудың сапасын арттыру мен қарқындалу болып табылады. Осыған орай оқытуға деген талап, әдіс-тәсілдер толықтай өзгеріп отырғаны баршамызға мәлім. Өйткені, біз компьютерлік технологияның қарқынды дамып жатқан кезеңінде өмір сүріп жатырмыз. Күн сайын жаңа бағдарламалар, жаңа технологиялар пайда болуда. Компьютерді математиканы оқыту процесінде қолдану, математиканың оқу пәні ретіндегі ерекшелігімен сипатталады. Бұл **зерттеу жұмысының мақсатын** «Алгебра курсының негізгі мазмұнды-әдістемелік бағытын оқып үйренуде компьютерлік бағдарламаларды қолданудың мүмкіндіктерін көрсету» деп алуға негіз болды.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Қазақстан Республикасының «Білім туралы» туралы Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педогогикалық технологияны меңгеру. Ал білім беру жүйесінің алдындағы жаңа міндеттердің бірі инновациялық педагогикалық оқыту технологияларын пайдаланып, білім сапасын арттыру. Инновациялық оқыту технологияларының бірі - компьютерлік технология.

Қазіргі кезде негізгі мектепте математиканы оқытудың сапасын арттыруда компьютерлік технологияны қолданудың қажеттігі мен оның жеткілікті дәрежеде шешімін таппай отырғандығы және олардың әдістемелік жағынан қамтамасыз етілмеуі арасында қарама-қайшылық туындап отыр. Осы қарама-қайшылықты жою зерттеу жұмысының **өзектілігін** анықтайды.

Компьютерлік алгебраны тепе-тең түрлендірулерді оқытуда оқу процесінде қолданудың тиімді көмегі бар. Компьютерлік алгебра компьютерді тек нақты сандармен ғана емес, алгебралық өрнектермен де жұмыс жасауға «үйретуге» мүмкіндік беретін алгоритмдер мен әдістерді құру және оқып-үйренумен айналысады. Қазіргі компьютерлік алгебра жүйелерінің зор мүмкіншіліктері бар. Оның ішінде мектептерде символдық рационал өрнектерді түрлендіру пайдаланылады: ортақ бөлімге келтіру, ең үлкен ортақ бөлгішті табу т.б. Компьютерлік алгебра жүйесінде бір немесе бірнеше айнымалысы бар көп мүшелерді көбейткіштерге жіктеу, иррационал өрнектерді ықшамдау, тепе-теңдіктерді дәлелдеу тағы сол сияқтыларды орындауға болады.

Элементар функциялардың графигін салу мен зерттеу барлығына бірдей үлгіде жүргізіледі. Функционалдық сызықтарды оқыту процесінде компьютерлік бағдарламаларды қолдануда оқушылар функцияның графигін немесе тұрақтының әртүрлі мәндері үшін функция графигін салу процесін көріп отырады. Мысалы, квадрат үшмүшеліктің  $a$ ,  $b$ ,  $c$  – коэффициенттерінің әртүрлі мәндері үшін квадрат функцияның графигі. Олардың графиктерінің өзі-ақ қызықтырады. Компьютер арқылы орындалып отырған жұмысқа оқушылар қызыға отырып жақсы түсінеді, әрі қанағаттанады.

Компьютерлік бағдарламалардың көмегімен функцияларды зерттеу жұмысын жүргізуде материалды экранда көрсетудің зор мүмкіншілігі бар болғандықтан, оларды пайдалану тиімді болады. Мектеп курсында функциялардың өсу, кему, жұп, тақ, периодты, периодты еместігі қарастырылады. Параметрдің әртүрлі мәндеріне байланысты графикті салуда оқушылар қиналады. Ал компьютердің бұл жұмысты орындауда зор мүмкіншілігі бар. Қарастырылатын функцияның дисплей экранында графигін берілген координат жүйесінде салу тез орындалады. Демонстрациялық бағдарлама арқылы жаттығуларды орындауда, мұғалім уақытын үнемдейді, әрі оқушылардың өздігінен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Теңдеулер мен теңсіздіктерді шығаруда компьютерлік бағдарламаларды қолдану есептеу жұмыстарын тездетеді және теңдеудің түбірлері жоғары дәрежедегі дәлдікте табылады.

Енді компьютерлік бағдарламаларды қолданып орындауға болатын *тапсырмалардың негізгі түрлеріне* тоқталайық.

Тапсырмалардың типологиясы туралы мәселе көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Тапсырмалардың жіктемесі туралы бірегей пікір жоқ. Мақалада [1] еңбекте қарастырылған тапсырмалар типологиясы пайдаланылды, жұмыста алгебра курсына кездесетін үш түрлі тапсырмалар қарастырылған, олар: репродуктивті, реконструктивті, вариативті.

*Репродуктивті* тапсырмалар – оқушылар берілген үлгі бойынша орындайтын қарапайым тапсырмалар. Яғни репродуктивтілерге белгілі формулаларды және алгоритмдерді

пайдаланып шығарылатын есептер, оқыған ереже, анықтама, теоремаларды еске түсіру тапсырмалары. Бұл типтегі тапсырмаларды компьютер арқылы оңай орындауға болады.

*Реконструктивті* типтегі тапсырмалар – олар оқушылардан тапсырманы орындау барысында білетін білім жиынтығын қолдануды талап етеді. Бұл алгебра курсындағы кең тараған тапсырмалар типі. Мұндай тапсырмаларды компьютермен орындаудың өзіндік қиындығы бар, теңдеу құруға арналған есептерді шығаруда теңдеулерді құру және оның шешімін зерттеу кезеңдерінің алгоритмі құрылмаған.

*Вариативті* тапсырмаларға жоғары деңгейдегі тапсырмалар жатады. Бұларға дәлелдеуге арналған ойлауды талап ететін, ерекше бір қыры бар есептер жатады. Мұндай тапсырмаларды компьютерде орындау мүмкін емес, себебі компьютерге бағдарламаны адам жасайды, сондықтан оқушылардың ерекше жауаптарының бәрін компьютер бағдарламасына дайындау мүмкін емес.

Репродуктивті тапсырмаларды орындауға көп көңіл бөлу, оқушылардың ойлау қабілеттілігін төмендетеді, оқушының пәнге қызығушылығын тудырмайды. Дегенмен, репродуктивті оқу әрекеті процесі, реконструктивті және вариативті тапсырмаларды орындауға қажетті білім қорын дайындайды.

Мазмұнды-әдістемелік бағыттың әрбір кезеңіне компьютерлік бағдарламаларды қолданудың мүмкіншілігі әртүрлі. Барлық қарастыратын бағыттарға тән нәрсе оның алгоритмдік бағыты: барлық мазмұнды-әдістемелік бағыттардың мазмұнын амалдарды орындаудың алгоритмі ретінде өрнектеуге болады.

Компьютерлік бағдарламалар арқылы орындауға біріншіден, репродуктивті типтегі тапсырмалар, одан соң реконструктивті және вариативті тапсырмалар жатады. Біртекті реконструктивті типтегі тапсырмаларды орындауға көп көңіл аудару, кейде оқушылардың білім сапасына әсер етеді. Бірақ, бұл тапсырмалар жеткілікті мөлшерде берілмесе оқу әрекетінің тұрақты дағдыларын қалыптастыру мүмкін емес.

**Зерттеудің әдіснамалық негіздері.** Оқыту процесін ұйымдастыру оқу материалын, мұғалімнің оқыту іс-әрекетін және оқушының оқу іс-әрекетін құрылымдауды жорамалдайды. [2] әдебиетте оқу іс-әрекетінің теориясына негізделген оқытуды компьютерлендірудің нақты жағдайлары тұжырымдалған. Осы тұжырымдамалардың бірінде компьютер тек оқыту үшін ғана емес, ол оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға да әсер етеді, әрбір компьютерлік бағдарлама материал мазмұнын игеруге қарай құрылады және әрбір оқу іс-әрекеті адам ойының берілген әрекеттерді игеріп, олардың жиынтығын меңгеру принципі бойынша жұмыс істеуге құрылады. Компьютер мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекетін оқушылардың өздерінің іс-әрекетін ұйымдастыру құралы ретінде қолданылады және олардың өзара іс-әрекеттерінің түрлерін қамтамасыз етеді. Компьютердің кейбір түрлері оқу іс-әрекетінің жеке компоненттерінің қалыптасу деңгейінің диагностикасы үшін, сол сияқты нақты білімдер мен біліктерді игеру нәтижесін бақылау мен бағалау үшін пайдаланылады.

Оқушылардың оқу іс-әрекетін басқаратын төрт режим айқындалған. Бірінші режим оқу іс-әрекетін компьютер арқылы тікелей басқаруды жүзеге асырады. Компьютер оқушылар алдына айқын түрде оқу есебін қояды және оқушыларға көрсетілетін көмектің сипатын анықтайды.

Компьютер арқылы басқару екінші режимде де көрінеді. Бұл дегеніміз, компьютер оқушылар алдына проблема қояды, оны олар оқу есебі ретінде өрнектеу керек. Оқыту әсері эвристикалық нұсқау түрінде және оқушылар іс-әрекетін қорытындылап бағалау түрінде болады.

Үшінші режимде оқу есептерін шешу компьютермен біріккен іс-әрекет ретінде көрінеді, мұнда есептерді компьютер қояды. Көмекті еске түсіртуден бастап, оқу есебінің фрагментін компьютердің өзі шешкенге дейін түрлендіріледі.

Басқару төртінші режимде жүзеге асады, мұнда компьютер оқушы іс-әрекетінің құралы ретінде болады. Оқу есебін және көрсетілетін көмектің түрі мен сипатын оқып-үйренушінің өзі анықтайды. Қиындықтар туындаған кезде ол басқаруды компьютерге береді.

Қазіргі кезде бірінші режимді жүзеге асыратын бағдарламалар кең тараған.

Оқыту процесінде компьютерлік бағдарламаларды қолданып оқытуды ұйымдастыру туралы әртүрлі пікірлер бар. Олардың бірінің көзқарасы бойынша мұғалімнің рөлі негізінен оқып үйренушіге қажетті тірек білімдерді беруге бағытталған болады. Олардың көмегімен оқушы өзінің дайындығын компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып дамыта алады [3]. Бірқатар ғалымдар қарапайым компьютерлік «сұрақнама», «жаттықтырушы» түріндегі бағдарламалардың тиімсіздігін айта келіп, әртүрлі компьютерлік пәндік, яғни оқу курсының үлкен бөлімін қамтитын орталар болғаны дұрыс деп санайды. Ал көптеген авторлар компьютерлік бағдарламаларды мектепте қолдану мұғалім рөлін өзгертпейді деген пікірге тоқтайды. Компьютер мұғалімнің шығармашылығына үлкен мүмкіндік жасайды, ал педагогтік шеберліктің негізгі элементтері: мотивация (түрткі), өзара әсер және бағалау өз мәнін сақтайды. Қазіргі кезде оқу іс-әрекетін компьютер арқылы басқаратын бағдарламалар кең тарағандықтан, *алгебраны компьютер көмегімен оқытуды екіге бөлуге болады*: жаңа білімді игеру міндетті түрде мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асуы керек, ал оқып-үйренгенді бекіту, жүйелеу және бақылауда компьютерлік бағдарламаны қолданған дұрыс.

Мектеп алгебра курсына оқытуда оқу процесін ұйымдастырудың жаңа білім беру, бекіту және игерген білімді бақылау кезеңдерінде қарастырайық.

Оқыту процесінің бұл кезеңдері оқушылардың өзіндік зерттеу іс-әрекеттерінің деңгейлерімен ерекшеленеді. Аталған кезеңдердегі оқушылар іс-әрекетін ұйымдастыру мәселелеріне көптеген [4, 5, 6] т.б. жұмыстар арналған. Әсіресе [6] жұмыста оқу процесінің көрсетілген кезеңдерінде: математикалық ұғымдарды игеру іс-әрекетіне жіктеме берілген. Яғни жаңа білімді қабылдау, оны ой елегінен өткізу, бекіту және өтілгенді қолдану кезеңдері.

**Зерттеу нәтижесі** компьютерлік бағдарламаларды сабақтың барлық кезеңдеріне қолдануға және әрбір кезеңде айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізуге болатындығын көрсетті.

Белгілі фактілерді жүйелей отырып, көрсетілген кезеңдердегі мұғалім мен оқушының іс-әрекеті белгіленді. Бұл кезеңдер 1-кестеде берілген.

1 кесте – Мұғалім мен оқушының іс-әрекет кезеңдері

Оқыту процесінің элементтері	Оқушының іс-әрекеті	Мұғалімнің іс-әрекеті
Жаңа білім беру	Оқу есебін түсіну. Оқу материалын қабылдау, тұжырымдау ретін игеру, демонстрациялық іс-әрекетті түсіну	Проблемалық жағдай туғызу; жаңа білім беру мотивациясы. Қажетті ақпаратты оқушыға беруді ұйымдастыру және оқу іс-әрекетінің сәйкес тәсілін қалыптастыруды басқару.
Білімді бекіту және қолдану	Шығару тәсілдерін талдау, оқу іс-әрекет тәсілдері, білімді қорытындылау, жүйелеу.	Білім, білік дағдыны қалыптастыратын оқу есептерінің жүйелерін іріктеу және ұсыну.
Білімнің игерілуін тексеру және бақылау	1. Ішкі кері байланыс, өзін - өзі тексеру. 2. Оқу іс-әрекет тәсілдерін түзету.	Әрбір оқушының іс-әрекетін бақылау. Бақылау арқылы алынған мәліметті талдау. Оқушылардың іс-әрекетіне түзетулердің әсері.

Компьютерлік бағдарламаларды қолдану оқушы мен мұғалім іс-әрекетін оның мазмұнын өзгерте отырып түрлендіреді және олардың арасындағы қарым-қатынас жүйесін қайта қалыптастыра отырып операциялдық құрылымын өзгертеді. Мұнда компьютерлік және дәстүрлі оқыту арасын дұрыс ұйымдастырса, уақыт жеткілікті болады. Компьютерлік және компьютерлік емес жағдайда алгебраны оқыту үшін алдымен олардың негізгі ерекшеліктерін айқындап және өзара қалай байланысқанын білу керек.

Оқыту процесіндегі оқушының компьютерлік бағдарламаларды қолданғандағы іс-әрекетін талдау үшін, алдымен дәстүрлі оқытудағы оқушының жүйелі аймағын қарастыру керек. Біріншіден, ол – мұғалім. Оның оқушыға барлық қатынастағы, яғни эмоциялық, әдістемелік әсері өте үлкен, ол оқушының пәнге деген қарым-қатынасын айқындайды. Мектептегі оқытуды мұғалімсіз елестету мүмкін емес.

Екіншіден, ол – оқулық, оқу құралы, анықтама. Оқулықтағы материалдың берілуі, оның түсініктілігі, ғылымилығы, жүйелілігі материалды игеру сапасын анықтайды, оқушының пәнге деген қызығушылығын тудырады.

Үшіншісі, оқушының жүйелі аймағының мәнді компонентінің бірі – дәптер, ал төртіншісі – есептеу және сызба құралдары. Осылардың болмауы және оларға немқұрайлы қарау сабақ оқу процесінде оқушыға кері әсер етеді. Ал компьютерлік оқыту кезінде дәптер, қалам, есептеу және сызба құралдарын мәтіндік және графикалық редакторлар, электрондық кестелер ауыстырады; оқулық, оқу құралы және анықтамаларды ақпараттық-анықтамалар жүйесі ауыстырады. Мұның бәрі білім беру жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану болып саналады [7].

Оқытудың көрсетілген кезеңдерінде дәстүрлі оқыту мен компьютерлік бағдарламаларды қолданып оқытуды салыстыра талдау жасасак:

*а) Жаңа білім беру кезеңі.*

Дәстүрлі оқытуда білім беру мұғалім мен оқушының сұхбаты арқылы жүзеге асырылады. Мұндағы оқыту мұғалімнің көмегін көп қажет етеді. Бұл кезеңдегі оқушының іс-әрекеті негізінен репродуктивті сипатта болады.

Компьютер, мұнда оқыту құралы ретінде жаңа материалды оқушыларға түсіндіруді басқаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқу материалын алғашқы түсіндіруді мұғалім жүргізеді, ол барлық оқушыға түсінікті болуы керек. Оған материалды практикада жинақты түрде түсіндірудің нәтижесінде жетеді. Бірінші деңгейдегі түсіндіру, ол курстағы келесі материалды түсінуге мүмкіндік береді. Оқу материалын әрі қарай өңдеу компьютер көмегімен ұйымдастырылады. Компьютерлік бағдарламалар арқылы қайталап түсіндіру оқу материалын толық, егжей-тегжейлі түсіндіруден тұрады. Егер олар пәнге қызығатын оқушылардың дамуына арналса, онда материалды баяндау тереңдігімен және қатандығымен ерекшеленеді, ал егер олар орташа және нашар оқитын оқушыларға арналса, онда материал толық және нақты түрде беріледі.

*ә) Білімді бекіту және қолдану кезеңі.*

Бұл кезеңге кеңінен тоқталайық, себебі сабақтың құрылымындағы негізгі мақсат білімді бекіту және білім, білігін қолдана білу.

Бекітудің мақсаты сабақта білім, білік, дағдының мол қорын жинау. Бекіту механикалық түрде болмас үшін, алдымен оқушылар оқу материалын, ондағы істелінетін іс-әрекеттерді жақсы түсінуі керек, сонда ғана бекіту процесі белсенді болады. Білімді бекіту бірнеше түрге бөлінеді. Біріншіден, ол білімді меңгерген соң бірден орындалатын репродуктивті түрдегі жаттығулар. Мұнда жаңа білім қайталанатын немесе түйінделеді. Екіншіден, жаңа білім жүйеленеді, яғни, бар білім жүйесіне енгізіледі (конструктивті тапсырмалар). Үшіншіден, жаңа білімді басқа жағдайларға қолдану бағыты (вариативтік тапсырмалар)

Біліктілікті бекітуде мұғалім оқушыда алғашқыда қалыптасқан дағдының бірігіндеп дамып, іс-әрекетке айналуына жеткізуге ұмтылады, яғни көп жаттығуларды орындаған сайын белгілі бір іс-әрекет компоненттері автоматтандырылатындай нәтижеге



жетсе.

Білім мен дағдыны бекітуге арналған жалпы нұсқаулар келесідей болады: жаңа білімді және біліктілікті игеру алдында мұғалім оқушыларға қандай көлемде және түрде жаңа оқу материалы меңгерілуі керектігі туралы дәл әрі анық нұсқаулар береді. Жаңа материалды оқытудың мақсатын оқушылардың дұрыс түсінуі, ол білім, біліктіліктерді, саналы түрде бекітудің қажетті алғышарты болып табылады.

Мұғалім оқушылар білімінің тиянақты, берік болуын тексеріп, әлі де бар олқылықтарды қосымша дидактикалық жұмыстар: қосымша түсіндіру, бекітуге арналған жаттығулар, жаңадан демонстрация жасау т.с.с арқылы жояды.

Білімді терең игеру үшін оқушыларға жаңа материалдың «ядросы», яғни нақты ұғынуы керек материал беріледі. Компьютерлік бағдарламалар арқылы «ядроны» бекіту оған байланысты материалдарды бекітуді көп жеңілдетеді.

Оқу материалын берік бекіту үшін ол мағынасына қарай бөлінеді.

Егер оқушы жаңа материалды және жаңа математикалық тәсілдерді дұрыс түсінсе, онда бұл меңгерілген білім, білік, дағдылар әрі қарай сабақта сәйкес компьютерлік бағдарламаны қолдану арқылы шыңдала түседі. Механикалық жатталынып қалу болмас үшін, әрбір бағдарламада ізденушілік сипаттағы есептер болады.

Дағдылардың қалыптасуы, қалыптасатын математикалық тәсілдердің үзбей жетілдірілуіне байланысты автоматты түрде қалыптасатын дәрежеге жетеді.

Білім, білік, дағдыны бекіту кезеңінің міндетті түрде жаңа білімді меңгеруден кейін жүруінің қажеттілігі жоқ, сабақ барысында оның орнының ауысуы да мүмкін. Білімді алғаш бекіту көп жағдайда жаңа білімді түсіндіргеннен және меңгергеннен кейін жүргізіледі. Оның негізгі мақсаты жаңа білім алуды дұрыс ұйымдастыру, бұрын қабылдаған білімдермен байланысын түсіндіру және оларды қолдануға арналған тапсырмаларды орындай отырып жаңа білімдерді меңгеру дұрыстығын тексеру. Сонымен қатар бұл кезде жаңа білімдерді қолдану дағдылары да дамиды.

Нақты бір тақырыпты, мысалы «Квадрат теңдеулер» тақырыбын оқытуда мұғалім түсіндіруді бірнеше бөліктерге бөледі, оқушылар алдыңғы бөлікті жақсы игермей, келесі бөліктерді түсіндіруге көшуге болмайды. Сонымен оқушылар алдымен квадрат теңдеулерді «сыртқы түріне» қарап ажырата алулары және коэффициенттерінің мәнін көрсете білулері керек. Содан соң, оқушылар дискриминант формуласын ұғып, оны есептей біліп, квадрат теңдеулерді дискриминанты бойынша зерттеуді үйреніп, соңында ғана түбір табу формуласын игерулері керек.

Үлкен тақырыпты оқытып біткеннен соң, мұғалім жүйелеу және қорытындылау сабағын өткізеді, осылайша білімді бекіту жүзеге асады. Осының бәрінің қорытындысы ретінде оқушыларға бақылау бағдарламасы ұсынылады, оның мақсаты барлық тақырып бойынша білімді қорытындылау және тексеру.

Дәстүрлі оқытудың бекіту кезеңінде мұғалімнің назары негізінен оқу материалын оқушының жақсы есте сақтауына бөлінеді. Сабақта мұғалім оқу іс-әрекетін орташа оқитын балаға арнап құрады. Мұғалімнің сабағының негізгі мақсаты оқушының өтілген материалды игеруі; ол уақыттың аздығына байланысты, барлық оқушыға түгел көңіл бөле алмайды. Сондықтан оқушы теориялық материал бойынша қойылған сұраққа нақты дұрыс жауап бергенімен, өз бетімен есеп шығара алмайтын жағдайлар кездеседі. Оқушы білімінде кемшіліктер болғандықтан ол ұжымның оқу іс-әрекетіне толық араласа алмайды.

Ал компьютерлік бағдарламалық оқыту кезінде мұғалімнің жұмысы әрбір оқушының оқу іс-әрекетін басқаруға бағытталады, себебі олардың әрқайсысына қабілетіне қарай оқу тапсырмалары беріледі, әрқайсысына лайықты нұсқалар таңдалады, яғни әрбір оқушының жеке дифференциациялық ерекшеліктері ескеріліп оқу процесі ұйымдастырылады.

Дәстүрлі оқыту әдісімен сабақ жүргізгенде мұғалімнің көмек қажет ететін

оқушылармен жұмыс істеуге уақыт пен жұмыс көлеміне байланысты уақыты жетіспейді. Оқу бағдарламасы бойынша жұмыс істегенде әрбір оқушы өзінің қабілетіне байланысты алға жүріп отырады, ал мұғалімнің оқу материалын тез немесе жай игеретін оқушыларға көңіл аударуға мүмкіншілігі болады. Сонымен қатар бағдарлама кадрларын материалды әбден игеріп алғанша экранда ұстауға болады.

Дегенмен компьютерді қолданып жеке жұмыс жасаудың да тиімсіз жақтары бар.

[8] әдебиетте «... егер әрбір оқушыға оқу материалын өз қабілеті бойынша орындауға рұқсат етілсе, онда олардың ағымдағы үлгерімінің көрсеткіштерінде үлкен айырмашылықтар пайда болуы мүмкін. Оқу пәні бойынша оқушылар білімінің әртүрлілігі артқан сайын, мұғаліммен басқарылуға бағытталған оқу іс-әрекетін ұйымдастыру қиындайды. Бұл оқытуды дербестендіруді шектейді»

*б) Соңғы қарастыратын кезең – оқушылар игерген білімді бақылау және тексеру.*

Қазіргі мектепте оқыту процесінде тура байланыс бар болғандықтан, кері байланыстың болуы да қажет деген аксиома бой алды.

Егер оқу іс-әрекеті нәтижесін қалыптасқан түрде тексеріп және бағалап отырмаса, математиканы оқыту процесінде оқу іс-әрекеті тиімді ұйымдастырылған деп саналмайды. Сабактың тиімділігі көп жағдайда мұғалімде оқу материалын оқушылардың игергені туралы мәліметі болғанында. Мұғалім кез келген уақытта оқу материалын оқушының қалай игергенін біліп отыруы керек. Бірақ дәстүрлі оқыту барысында, ол оқушылар біліміндегі ол қылықтарды дер кезінде анықтай алмайды, әрбір оқушының материалды қаншалықты дұрыс түсінгенін, ал материалды дұрыс түсінбеген оқушылар өздерінің қателесіп отырғандарын түсінбейді.

Мұғалім оқушылардың қажетті білім, білік ала алды ма, барлық оқушылар міндетті оқу нәтижесіне жетті ме, оқушыға қай кезде көмектесу керек, және нені қайталау керек, қандай қосымша жаттығулар немесе шаралар сонымен қатар дифференциалданғандарын қашан қолдану керек деген сияқты жеткілікті мәліметті әрқашанда ала бермейді. Сыныппен дәстүрлі түрде жұмыс жасау әрқашанда қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік бермейді. Оқушылардың тоқсандықта алатын ағымды бағалары, оқушы білімін нақты, толық сипаттай алмайды. Компьютер оқушылар білімін тексеруді басқаша ұйымдастырады, жүйелі бақылау жүргізіп, білімді есепке алып отырады.

Компьютер арқылы білімді бақылау қазіргі кезде дүниежүзінде кеңінен қолданылып келеді. Білімді алғаш бақылау жаппай сұрау арқылы жүзеге асады. Екінші рет тексергенде оқушылардың жинақталған білімінің сапасы нақтыланады, ол жаттықтырушы-бағдарламамен жазбаша жұмыстардың нәтижесін талдау арқылы жекелей жүргізіледі.

Алгебраны компьютерлік бағдарламалар арқылы оқыту кезінде оқытудың жетістігі туралы мәлімет тек оқушылардан мұғалімге ғана түспейді, оқушының өзінде де оқу еңбегінің жетістігі болады, сондықтан өзінің іс-әрекетіне дер кезінде түзету жасауға мүмкіншілік туады.

Жоғарыда айтылғанды түйіндей келе 2- кесте құрылды, онда компьютерді қолдану оқу процесін өзгертпейтіндігі, яғни компьютер мұғалімнің қызметін жоққа шығармайтындығы, ол тек мұғалімге көмекші құрал екендігі көрсетілген.

2 кесте — Дәстүрлі және компьютерлік оқытудың салыстырмалы талдауы

Оқыту процесінің кезеңдері	Дәстүрлі оқыту	Компьютерлік оқыту
Жаңа білімдерді беру және оларды қабылдау	Мұғалім негізгі тұлға: оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқарып, мотивацияны жүзеге асырады.	Оқыту мотивациясы күшейеді. Бұл оқытудың жаңа түріне қызығушылықтан туады.

	Оқуға ынталандыруда мұғалімнің рөлі ерекше.	
Білімді түсіну, бекіту және қолдану	Ішкі кері байланыс жүзеге аса бастайды. Мұғалім көмегі азаяды. Сыртқы кері байланыста жүзеге асып, мұғалім кеңесші рөлінде болады.	Мұғалім көмекші рөл атқарады, оқушыларға оқу есептерін орындауға көмектеседі. Оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуі артады.
Игерген білімді бақылау және тексеру	Ішкі және сыртқы кері байланыстар жүзеге асады (білімді бақылау мен бағалаудағы субъективизм).	Оқушылардың іс-әрекетін әділ бағалау мен өзін-өзі бағалау қажеттілігін қанағаттандыру.

Дәстүрлі түрде оқытуды ұйымдастыруға қарағанда, компьютерді пайдаланып оқыту білімді компьютерлендірудің қазіргі кезеңінде басқаша. Сонымен компьютерлік бағдарламаларды дәстүрлі оқытудың білімді бекіту, жүйелеу және бақылау кезеңдерінде белсенді қолдануға болады.

Компьютерді қолданып алгебраны оқыту екі жағдайда жүзеге асады: жаңа оқу материалын оқытуды мұғалім барлық оқушыға түсінікті деңгейде берсе, келесі оқыған материалды бекіту және оны тексеру компьютерлік бағдарлама көмегімен ұйымдастырылса.

**Қорытындылай келе** келесілерді атап өтейік:

1. Компьютердің дидактикалық мүмкіндіктері оны мектептің оқу процесінде техникалық оқыту құралы ретінде белсенді пайдалануға мүмкіндік береді.

2. Компьютерлік бағдарламаларды негізгі мектептің алгебра курсының негізгі мазмұндық-әдістемелік бағыттарын оқып-үйренуде пайдаланған тиімді.

3. Оқу процесін дәстүрлі ұйымдастыру кезінде компьютерлік бағдарламаларды оқушылардың білімін бекіту, жүйелеу және тексеру кезеңдерінде пайдаланған тиімді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Леонтьева М.Р. Методические основы построения системы письменных самостоятельных работ при обучении алгебре в 6-8 классах.: дис. ... канд. пед. наук – М., 1986. – 209 с.

2. Давыдов В.В., Маркова А.К. Концепция учебной деятельности школьников // Вопросы психологии. – 1981. – №6. – с. 13-26.

3. Нурғалиева Г.К. Страновой отчет о внедрении информационно-коммуникационных технологий в систему среднего общего образования Республики Казахстан. – Алматы, 2007 – 120 с.

4. Борчукова З.Г. Организация контроля знаний в обучении математике. – М.: Просвещение. – 1980. – 158 с.

5. Епишева О.Б., Крупич В.И. Учить школьников учиться математике: Формирование приемов учебной деятельности: Книга для учителя. – М.: Просвещение. – 1990. – 128 с.

6. Епишева О.Б. Формирование приемов учебной деятельности учащихся при изучении курса алгебры восьмилетней школы.: автореф. ... канд. пед. наук – М., 1989. – 23 с.

7. Гузун Ю.Г. Персональный компьютер как средство коррекции знаний по математике (на материале решения задач с помощью уравнений): дисс. ... канд. пед. наук – М., 1992. – 131 с.

8. Бетти Коллис. Информационные технологии – источник новых учебных ситуаций // Перспективы: вопросы образования - Париж: ЮНЕСКО – М.: Прогресс. – 1991. – №2. – С. 42-58.

## ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ОБУЧЕНИИ АЛГЕБРЕ В ОСНОВНОЙ ШКОЛЕ

Алдабергенова А.О.

*Предмет исследования-использование компьютерных технологий в процессе преподавания алгебры в основной школе. Цель работы-показать возможности использования компьютерных программ при изучении основного содержательно-методического направления курса алгебры. Методологические основы исследования: психологические, педагогические теории и концепции о познании, образовании, личности и ее деятельности, умения, мышления, ценности, принципы повышения качества образования. Результаты исследования: возможности компьютерных программ в обучении математике; основные виды заданий, которые можно выполнять с использованием компьютерных программ; сравнительный анализ традиционного преподавания и обучения с использованием компьютерных программ. Результат: компьютерные программы могут использоваться на всех этапах урока, и на каждом этапе может быть достигнут значительный положительный результат.*

**Ключевые слова:** основная школа, компьютер, программа, обучение алгебре, знания, навыки.

## POSSIBILITIES OF USING COMPUTER TECHNOLOGIES IN TEACHING ALGEBRA IN BASIC SCHOOLS

Aldabergenova A.

- $f_i$  –  $i$ -ші жіктеу индикаторы (0 немесе 1);
- $\lambda_i$  –  $i$ -ші жіктеу индикаторының салмағы;
- $c$  – класс гипотезасы;
- $C$  – барлық мүмкін класстардың жиынтығы;
- $D$  – жіктелген документ;

Әрбір индикаторда тиісті жіктеу критерийі мен класс арасындағы қатынасты сипаттайтын  $\lambda_i f_i$  салмағы бар. Салмақ неғұрлым көп болса, соғұрлым байланыс күшейеді. Осылайша, нумератор экспоненциалды салмақтарды сипаттайды класс-гипотеза, ал бөлгіш бірліктің құнын қалыпқа келтіреді. Бұл формуланың ең қиын бөлігі - салмақ жиынтығы  $\lambda$ .

Қазақ-ағылшынша машиналық аударма үшін постредакциялау келесідей қадамдармен жүзеге асады: 1) Берілген негізгі тілде сөйлем бар, оны  $f$  деп белгілейміз. 2)  $f$  машинаға аударма арқылы аударамыз, оны  $e'$  деп белгілейміз. 3) Машиналық аударма жүйесіндегі барлық қателерді жойып осы сөйлемді дұрыстап аударып  $e$  деп белгілейміз. Постредакциялау тапсырмасында  $e^*$  қажетті сөйлемді іздеу формуласы:

$$e^* = \operatorname{argmax}_e p(e|f, e')$$

Машиналық аударма жүйесіне аздап көмек көрсету арқылы жасалады. Біз сөйлем құруда қолданылатын машиналық аударма жүйесі жеткілікті жақсы болды деп аламыз. Түпнұсқа сөйлемдерін нөлден аударатын мүлдем жаңа машиналық аударма жүйесін оқытудың қажеті жоқ дегенді білдіреді. Оның орнына біз машинада аударылған  $e'$  сөйлемін қалай түзетуге болатындығын жасайтын жүйені жасаймыз.

#### **Максималды энтропия әдісін және қолданылатын алгоритмді жүзеге асыру.**

Максималды энтропия әдісі өте пайдалы, сонымен қатар кесте құру және ең ықтимал сөзді анықтау. Яғни, бұл әдісті қолдану кезінде жоғарыда сипатталған және соңында контекстке ең жақын мағынасы бар балама сөз аламыз. Бұл көзқарастың нәтижесі жай ғана жіктеу туралы шешім емес, бұл белгілі бір класс үшін ықтималдылық. Бұл жіктеудің артықшылықтарының бірі - бұл класстардың ықтимал таралуын нақтылау. Қазақ тілінен ағылшын тіліне мәтіндік машиналық аударманы қолдану егер сөйлемде қате сөз болса, пост-редакциялау керек.

Содан кейін сөйлемдегі қате сөздерді тапқаннан кейін, біз олардың дұрыс аудармасын енгізіп, бере алатын және максималды энтропия әдісінің негізінде қолданатын етіп, олардың аудармасына альтернативті түрде қараңыз. Әдістің жалпы сипаттамасы келесідей:

$$f_i^j = \begin{cases} 1, & \text{if } d = w_i, c = AW_j \\ 0, & \text{in other cases} \end{cases} \quad (2)$$

бұл жерде  $AW_j$  – *альтернативті сөз (класс)*,  $d$  – *жіктелген сөз*.

Қате сөздерді түзету үшін көп мағыналы сөздіктер базасы және ТМ (Translation Memory) қолданылады. Мысал ретінде келесі элементтер келтірілген (1-кесте).

1235 жылғы үкімнің кішігірім жағдайы нақты талдау үшін алынды. Осы мәтіннен «ана» сөзінің дұрыс емес екендігі анықталды және оның баламалары табылды:

Кесте 1. Бір сөздің екі мағынасы

Алтернативті сөздер	Сөз тіркестері
Ана	Анаңа қызықты кітап ал, ана жақсы көреді
Мама	Мамасының қуанышына айналады
Ене	Енесі пісірген
Шеше	Шешем бәлішпен бір құты маймен
Апа	Апасы бәліш пісіріп

1. Анасы өте жақсы көреді екен. (The mother was very fond of it)
2. Бір күні апасы бәліш пісіріп, қызына кешікпеуін айтады. (One day, her motherbake a cake, the daughter of late say)
3. Оған енесі пісірген бәлішінен және бір құты май алып бара жатырмын. (I'mgoing to my mother's bәліşinen and a bottle of cooking oil)
4. Сен мына жолмен бар, мен ана жолмен жүрейін. (You are this way, and themother in a way)
5. Мен сізге шешем бәлішпен бір құты маймен жіберді. (I sent you my cakeand a bottle of oil)
6. Ұлы әкесінің мақтанышына, мамасының қуанышына айналады. (The pride ofhis father's, mother's joy becomes)
7. Сен анама қызықты кітап ал. (You have an interesting book and a mother)

Біз максималды энтропияны қолдандық:

$$f^1 = \begin{cases} 1, & \text{if } d = "f_3 \wedge f_4 \wedge f_5", c = AW_1 \\ 0, & \text{in other cases} \end{cases} \quad (3)$$

$$f^2 = \begin{cases} 1, & \text{if } d = "f_1 \wedge f_2 \wedge f_5", c = AW_2 \\ 0, & \text{in other cases} \end{cases} \quad (4)$$

$$f^3 = \begin{cases} 1, & \text{if } d = "f_2 \wedge f_5", c = AW_3 \\ 0, & \text{in other cases} \end{cases} \quad (5)$$

$$f^4 = \begin{cases} 1, & \text{if } d = "f_2 \wedge f_3 \wedge f_4", c = AW_4 \\ 0, & \text{in other cases} \end{cases} \quad (6)$$

$$f^5 = \begin{cases} 1, & \text{if } d = "f_4 \wedge f_5", c = AW_5 \\ 0, & \text{in other cases} \end{cases} \quad (7)$$

Есептеу нәтижесінде дұрыс емес сөздердің сөйлеу бөліктерімен бөліну ықтималдығы келесідей болды:

$$P(AW_1) = 0.427$$

$$P(AW_2) = 0.998$$

$$P(AW_3) = 0.713$$

$$P(AW_4) = 0.855$$

$$P(AW_5) = 1.142$$

Яғни, максималды энтропия әдісі 1.142 мәнін таңдайды және әртүрлі альтернативті сөздердің ерекшеліктері мен салмағын қолдану арқылы дұрыс шешім қабылдады. Бұл тек сөйлемнің белгілі бір бөліктері және ықтималдылықтың максималды мағынасы, ал біз толтырылған текше кестелерін қолданғаннан кейін қолданылған қате сөздердің мәнмәтінін қарастырамыз. Яғни, сөйлем бөліктері мен қажетті сөздердің ықтималдығы ғана емес, сонымен бірге мәтіндегі әр сөздің мағынасы да ескеріледі. Бұл әдіс қате анықтау функцияларында қолданылады әр қате сөзге кесте құру кезінде 2-кезеңдегі қате сөздерді жазу және пост-редакциялау арқылы орындалады.

Біз постредакциялау операцияларының жиынтығын жобалап, жүйені осы әрекеттер тізбегін құруға үйретеміз. Егер постредакциялау операцияларының бірізділігін бір тізбекті екіншісіне түрлендіретін  $R$ (қайта жазу) функциясы деп қарастырсақ, жоғарыда келтірілген формулаларды біздің қажеттіліктерімізге көбірек бейімдей аламыз:

$$R^* = \operatorname{argmax}_R p(R(e')|f, e')$$

$$e^* = R^*(e')$$

Сондықтан біз ең жақсы постредакциялау функциясын іздеудеміз,  $R^*$  ол  $e'$  қолданғаннан кейін бізге түзетілген  $e^*$  нәтижесін береді.  $R$  постредакциялау функциясы енгізу таңбасының таңбалауышын солдан оңға қарай өңдейді. Онда тізбектің бірінші сөзін көрсетуден басталатын кіріс тізбегіне сілтегіш болады.

**Тәжірибелік нәтижелер және талқылау.** Қате сөздерді анықтау функциясының сипаттамасы және оларды пост-редакциялау. Негізгі жұмыс екі кезеңнен тұрады (модульдер). Бірінші кезең – кез келген қазақ сөйлемінен аударылған ағылшын тіліндегі дұрыс сөзді табу. Ағылшын тіліндегі дұрыс емес сөздерді немесе сөйлемнің сегменттерін тауып, белгілеудің бұл бөлігі аударма жадының әдісіне негізделген. Кейбір қате сөздерді анықтау және осы қате сөздерді пост-редакциялау функциясы 1-кезең - қате сөздердің тізбесімен байланысты, яғни егжей-тегжейлі сипаттама беру үшін, ол сөйлемнің үш түрінен тұратын файлмен байланысты (Пост-редакциялау алгоритмдерінен кейін алынған ағылшын сөйлемдері, қазақша сөйлемдер, дұрыс қазақша сөйлемдер). Әр жолда келесідей көрінеді: interesting subject, қызықты сабақ, қызықты пән және т.б. Біз қате сөздерді тауып, оларды бөлеміз, түбірлерін тауып, оларды салыстырамыз, яғни мысалдан алсақ, сабақ болады. Пост-оператордың алгоритмі өңделді, нәтижесінде бір ғана қате сөз анықталады және файлдағы полисемантикалық сөздер тізімімен жазылады. Нәтижесінде алғашқы үш файлға жаңа сөйлемдер қосылған кезде ол автоматты түрде осы жаңа файлда пайда болады. Біз дұрыс емес сөздердің тізімін мүмкіндігінше көбірек қамтуымыз керек болғандықтан, біз полисемантикалық сөздерді де қарастырамыз. Morphological Analyzer Apertium қазақ тілінде сөздерді түбір мен аяқтың арасына бөлу алгоритмін ойластыруға арналған.

Дұрыс емес сөздерді анықтау және дұрыс емес сөздерді пост-редакциялау 1-кезең - қате сөздерді анықтағаннан кейін біз кестелермен жұмыс жасаймыз. Яғни, бұл кесте кез-келген жаңа сөйлемге дайын. Дайындыққа жету үшін біз мыналарды жасаймыз:

1-кезең:

1. қазақ-ағылшынша сөздіктен осы қате ағылшын сөзін іздеңіз, осы сөздің және қазақ тіліндегі барлық аудармаларды есте сақтаңыз.

2. содан кейін осы қазақ сөзі бар сөйлемдердің қазақ тіліндегі негізін іздеңіз

(қазіргі уақытта 25000, одан да көп болуы мүмкін) және осы сөйлемдердің ағылшынша аудармасын қарастырыңыз.

3. әр қате сөз үшін кесте жасаңыз және әр кестеге сөздің қазақша нұсқасын атаңыз. Яғни, егер сабақ (тақырып) сөзі қате болса және ол сөздікте тақырып ретінде пайда болса, онда кесте осы сөзге тақырып болады. Барлық осы кестелер әр қате сөз үшін файл ретінде сақталды. Қазақ-ағылшынша сөздікте кездесетін сөздердің барлық синонимдерін есімізге түсіріп, жақын жерде сөздерді жазамыз. Бұл мақсат үшін тек қате сөзге қатысты табылған сөйлемдердің ішінен Apertium морфологиялық анализаторы қолданылады. Әр жағдай үшін есептеңіз, олар 100 000 базада қанша рет пайда болады сөйлемдер. Корпус үшін одан да көп сөйлемдер қосуға болады. Сонымен, дайын жиіліктері мен қате сөздері бар көптеген кестелер пайда болады.

**Тест фазасының сипаттамасы.** Екінші кезеңде бірінші абзацында анықталған біз қате сөздерді түзеттік, максималды энтропия негізінде текше кестелерін құру әдісі арқылы жасалынды. Қарсылықты сөздер табылған текше кестелер негізінде түзетілген. Қазақша – ағылшынша сөздік бар қате табылған осы сөздердің немесе сегменттердің қазақ тіліндегі аудармасының эквиваленттерін анықтау үшін қажет. Олар бұл сөздердің ағылшынша және қазақша баламаларын екі тілді корпустан іздеді. Бұл байланыстың көп бөлігі контекстке байланысты болады және ол контекст пен сөзге негізделген ұсыныстың мәнін анықтай алады. Қазақ – ағылшын тілдерінен параллель текше кестесімен есептелген қазақша сөйлемдерді қарастыратын корпус төменде толығырақ сипатталған:

Бұл кезеңде біз алдыңғы модульді кез келген кіріс сөйлемдерін ағылшын тіліне аудару үшін қолданамыз.

*Sentence<sub>english</sub> → Sentence<sub>kazakh</sub> → Sentence<sub>correct</sub>*

1. Яндекс [9] аудармашысы автоматты түрде аударды.

2. Қате сөздерді анықтау және оларды пост-редакциялаудың функционалды кезеңі қате сөздер, яғни Стемминг алгоритмінің жұмысы орындалады, және дұрыс табылмаған incorrect.txt файлынан қате сөздерді іздеңіз, табылған әр қате сөздің ықтималдығын есептеу үшін.

3. ықтималдық алгоритмдері қолданылады.

Кестеден барлық сөздер табылған кезде, біз түзеткен аударылған сөйлемді ескеру қажет. Осыдан кейін біз бүкіл файлды қолданбаймыз, яғни біз тек осы сөйлемде қолданылатын сөздерді аламыз. Мысалы: аударылған мәтін: Сабақ кеш болды.

(The lesson as late.) Міне, біз қате сабақ сөзін таптық. (Тақырыпта сабақ, нысан және т.б. синонимдер бар.) Егер сіз кестеге қарасаңыз, файл келесідей көрінеді: (деректер бір кестеден алынады)

3: мен; сабақ | 2: мен; тақырып | 1: мен; субъект | 1: кеше; сабақ

4: кеше; тақырып | 1: кеше; субъект | 1: ол; сабақ | 1: ол; тақырып

1: ол; субъект | 1: бол; сабақ | 1: бол; тақырып | 1: бол; субъект

Бұл файлдан аударылған сөйлемде кездесетін сөздер ғана қолданылады. Yesterday was a subject, Apertium [10] деп аударылды: Кеше сабақ болды, сондықтан біз тек кеш және бол сөздерін полисемантикалық сөздермен аламыз және тек осы сөздер үшін ықтималдылықты есептейміз:

1: кеше; сабақ | 4: кеше; тақырып | 1: кеше; субъект

1: бол; сабақ | 1: бол; тақырып | 1: бол; субъект

Ол формула бойынша есептеледі:  $P(s) = P(s_1) + P(s_2) + \dots + P(s_n)$  және жоғарыдағы сөздердің ықтималдығын олардың сөйлемдерімен қолданыңыз, Subject сабақтың кейбір синонимдері бар lesson(сабақ), object(тақырып), subject (субъект):

$P(\text{сабақ}) = 1 \cdot 25000 * 1 \cdot 5000 = 0.00004 * 0.0004 = 0.0000000016$

$P(\text{тақырып}) = 4 \cdot 25000 * 1 \cdot 25000 = 0.00016 * 0.00004 = 0.0000000064$

$$P(\text{субъект}) = 1\ 25000 * 1\ 25000 = 0.0000000016$$

Максималды мәнді таңдап, екінші мүмкіндікті алыңыз, ол тақырып болып табылады және осы мәнді сөйлемге салыңыз.

Жоғарыда аталған және сипатталған бағдарлама нәтижесінің мысалы, тестілеу сатысына бағытталған. Яғни, нәтижесінде ағылшынша сөйлемді дұрыс түзетеміз, және кез-келген аудармашы арқылы қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылған сөйлем 1-кезеңге сәйкес жұмыс жасау үшін аударылған ал 2-кезең сапалы аударманы алу үшін.

Алгоритмді дамытуда мәліметтерді толықтыру қажет, яғни сөйлемдер неғұрлым нақты болса, сөйлемдерді редакциялау туралы дәлірек ақпарат қажет. ТМ базасын жаңартып, қосу керек.

Ескерту, бұл келесідей болуы мүмкін:

1. incorrect.txt ішінде сөздің кем дегенде бір түбірі болмаса, біз бұл сөйлемге қарамаймыз және бұл сөзде дұрыс емес сөздер жоқ екенін түсіндіреміз.

2. бұл сөзді incorrect.txt ішінен табуға болады, бірақ дұрыс емес сөздерді анықтау және оларды редакциялау кезеңінен кестелер тізімінде табылмаса, біз оларды табуымыз керек, осы сөздерді ескеру және кестелерді құру алгоритмі осы жаңа сөздерді қосу керек.

3. сөйлемде бірнеше қате сөздер болуы мүмкін, содан кейін біз барлық қате сөздерді аламыз.

Осы әдісті қолдана отырып жасалған жұмыстың нәтижесінде шағын сөйлемнен кішігірім талдау жасалды (100-ұсыныс). Бірінші кезеңді тексеру үшін әр түрлі аудармашылар пайдаланылды, онда дұрыс емес сөздер немесе сегменттер анықталды. Өткізілген кішігірім талдау нәтижелері бойынша келесі нәтижелер көрсетілді.

Нәтижесінде осы үш аудармашыдан жоғарыда ұсынылған әдістің бірінші кезеңін қолдану көрсетілген, кестеге сәйкес сөздердің өзгертілген саны табылды. 2-кестеге сәйкес контекстен біз ұсынған аударма жады әдісін қолдану арқылы түзету қажет сөздерді табуға болатындығы көрінеді. Бірақ бұл түсініксіз бағалау ретінде біз оған сенімді бола алмаймыз барлық табылған

Кесте 2. Бірнеше аудармашыдан дұрыс емес сөздердің аудармасын табу пайызы

Google	Prompt	Apertium
15%	12%	10%

Кесте 3. Проценттік көрсеткіш сарапшының аудармасы мен біздің жүйенің арасындағы дұрыс емес сөздердің сәйкес келуі

Google	Prompt	Apertium
11%	8%	6%

сөздердің бәрін өзгертуге болатындығы туралы. Ұзақ уақыт бойы талдау жасау үшін біз «алтын стандартты» қолданамыз, ол одан бастама жасай алады және көрсетілген кестеден дәлірек көрінеді. Бастапқы тілді жақсы білетін 3 маманға сеніңіз, ал бастапқы мәтін – қазақ тіліндегі мәтін. Бұл мәтіндерді аудару мамандардың міндеті. Сарапшылар аударған сөйлемдер өңделген ұсыныстармен салыстырылады біздің жүйеміз. Нәтижесінде сарапшылар мен біздің әдіс арасындағы сөздердің сәйкес келуінің келесі мәні бар (3-кесте).

Кездейсоқтықты ескере отырып, біз ұсынған жүйені дәлірек айта аламыз және аударма сапасын жақсартады.

**Қорытынды.** Бұл әдіс екі бөліктен тұрады: туралау әдісі және максималды энтропия модельдері. Осы екі әдістеменің үйлесуіне назар аударатын жұмыс. Қате сөзді табу үшін аударма жадының әдісін қолданыңыз, келесі кезеңде дұрыс емес сөздерді



редакциялау үшін максималды энтропия әдісін қолданыңыз.

Нәтижесінде алынған нәтижелерге сүйене отырып, мәтіннен дұрыс емес сөз табуға және осы сөздерді редакциялауға мүмкіндік беретін пост-редакциялау әдісі қандай болатындығын айта аламыз. Ұсынылған пост-редакциялау әдісі аударылған қазақ тіліндегі мәтіннің сапасын жақсартады. Алдағы уақытта аударылған сөйлемнің сапасын дәл бағалау жоспарлануда. Стандартты бағалауды қолдану арқылы мәтін бойынша өңдеуді бағалау жоспарлануда.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Эспла М., Санчес-Мартинес Ф., Форкада М.Л.: Көмек беру үшін сөз тіркестерін қолдану компьютерлік аударма пайдаланушылары қай мақсатты сөздерді өзгерту немесе сақтау керектігін белгілеп өңделмеген. Авторы: Еуропалық қауымдастықтың жыл сайынғы 15-ші конференциясының материалдары Машиналық аударма, 81-89 бет, Левен, Бельгия (2011)
2. [https://en.wikipedia.org/wiki/Principle\\_of\\_maximum\\_entropy](https://en.wikipedia.org/wiki/Principle_of_maximum_entropy)
3. Translator Promt. <http://www.promt.ru>
4. Google аудармашысы. <https://translate.google.kz/#kk/kz>
5. [http://www.krugosvet.ru/enc/gumanitarnye\\_nauki/lingvistika/MASHINNI\\_PEREVO D.html](http://www.krugosvet.ru/enc/gumanitarnye_nauki/lingvistika/MASHINNI_PEREVO D.html)
6. Эспла-Гомис, М., Санчес-Мартинес, Ф., Форкада, М.Л. : мақсатты жақтағы сөздерді өзгертуді ұсыну үшін компьютерлік аударма. Кіріспе: еңбектер Машиналарды аударудың 13-ші саммиті, 19-23 қыркүйек 2011 ж., Сямень, Қытай, 172–179 бет
7. Koehn: Статистикалық машиналардың аудармасы, б. 113. <http://www.statmt.org/book/>
8. <http://bazhenov.me/blog/2013/04/23/maximum-entropy-classifier.html>
9. Яндекс аудармашысы. <https://translate.yandex.kz/>
10. [http://wiki.apertium.org/wiki/Main\\_Page](http://wiki.apertium.org/wiki/Main_Page)

#### ИССЛЕДОВАНИЕ И РАЗРАБОТКА МОДЕЛИ ПОСТРЕДАКТИРОВАНИЯ ДЛЯ КАЗАХСКО-АНГЛИЙСКОГО МАШИННОГО ПЕРЕВОДА

*Пазылхан Н.М., Рахимова Д.Р.*

*Постредактирование предложения с одного языка на другой тесно связано с машинным переводом. Машинный перевод это - технология последовательного перевода текстов с одного языка на другой компьютерной программой. В результате машинного перевода всегда есть определенные недостатки, которые можно решить путем постредактирования. Постредактирование это - обработка текста человеком после машинного перевода. На сегодняшний день многие лингвистические провайдеры активно развивают эту сферу, развивают методы обучения редакторов и методы постредактирования. Основной целью данной работы является повышение качества в системе казахско-английского машинного перевода посредством постредактирования. Модель, созданная с помощью постредактирования, должна реализовываться в виде экспериментальных машинных переводческих систем. В данной работе предлагается метод постредактирования, основанный на двухэтапных процедурах: первая выявляет ошибку в тексте с помощью технологии памяти переводов, а вторая выявляет какой альтернативный перевод лучше подходит для неверных слов, определенных на первом этапе с использованием модели максимальной энтропии. Изученная модель в практике проверяется на различных текстовых корпусах.*

**Ключевые слова:** Автоматическое постредактирование, Технология памяти

переводов, Модель максимальной энтропии, Интеллектуальный анализ предложений, Машинный перевод.

## RESEARCH AND DEVELOPMENT OF A POST-EDITING MODEL FOR KAZAKH-ENGLISH MACHINE TRANSLATION

*Pazylkhan N., Rakhimova D.*

*Post-editing a sentence from one language to another is closely related to machine translation. Machine translation is the technology of consecutive translation of texts from one language to another by a computer program. As a result of machine translation, there are always certain disadvantages that can be solved by post-editing. Post-editing-human processing of text after machine translation. Today, many language providers are actively developing this field, developing methods of training editors and post-editing methods. The main goal of this work is to improve the quality of the Kazakh-English machine translation system through post-editing. The model created using Post-editing should be implemented as experimental machine translation systems. In this paper, we propose a post-editing method based on two-stage procedures: the first one identifies an error in the text using translation memory technology, and the second stage reveals which alternative translation is better for incorrect words defined in the first stage using the maximum entropy model. The studied model will be tested in practice for various text cases.*

**Key words:** *Automatic post-editing, translation memory technology, maximum entropy model, word completeness, machine translation.*

*Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 22.06.2020 ж.*

ОӘК 29.05.05

## ФИЗИКАЛЫҚ ӨЛШЕУЛЕР. ФИЗИКАЛЫҚ ӨЛШЕУЛЕР КЕЗІНДЕГІ ҚАТЕЛІКТЕР

*Сагадинова А.Н., Тусіпбаева М.Б.*

*Физика, дәл эксперименттік ғылым ретінде, бақылаулардың сандық мәліметтеріне негізделеді. Физикалық объектілері мен құбылыстардың қасиеттері физикалық шамалармен сипатталады. Физикалық шаманың сандық мәні өлшеулер арқылы табылады. Өлшеу - физикалық шаманың мәнін өлшеу құралдары (техникалық құралдар немесе өлшеу аспаптары) көмегімен тәжірибелік жолмен анықтау. Техникалық құралдарға мыналар жатады: сызғыш, өлшеу лентасы, транспортир, мензурка, және т.б. Өлшеу аспаптары: штангенциркуль, микрометр, таразы, секунд өлшеуіш, динамометр, термометр, барометр және т.б.*

**Кілт сөздер:** *абсолют, салыстырмалы қателіктер, өлшеу, физикалық шама.*

*Физика, дәл эксперименттік ғылым ретінде, бақылаулардың сандық мәліметтеріне негізделеді. Физикалық объектілері мен құбылыстардың қасиеттері физикалық шамалармен сипатталады. Физикалық шаманың сандық мәні өлшеулер арқылы табылады. Өлшеу - физикалық шаманың мәнін өлшеу құралдары (техникалық құралдар немесе өлшеу аспаптары) көмегімен тәжірибелік жолмен анықтау. Техникалық құралдарға мыналар жатады: сызғыш,*

өлшеу лентасы, транспортир, мензурка, және т.б. Өлшеу аспаптары: штангенциркуль, микрометр, таразы, секунд өлшеуіш, динамометр, термометр, барометр және т.б.

Физикалық шамалардың мәнін сипаттайтын эксперимент мәліметтеріне талдаулар жасау физикалық заңдар мен қатынастарды тағайындауға немесе тексеруге алып келеді.

Орындалатын лабораториялық жұмыстардың мақсаты – физикалық құбылыстар мен заңдарды зерттеу, оқушыларды физикалық шамаларды өлшеудің әдістерімен таныстыру.

Өлшеулердің екі түрі бар, олар: *тікелей өлшеу* және *жанама өлшеу*.

*Тікелей өлшеу* – ізделінді физикалық шаманың сандық мәнін өлшеу құралдарын тікелей пайдалана отырып табу. Мысалы, нәрсенің сызықтық өлшемдерін сызғышпен немесе штангенциркульмен, атмосфералық қысымды барометрмен, ток күшін амперметрмен т.с.с. өлшейді.

*Жанама өлшеу* – ізделінді физикалық шаманың сандық мәнін, оны тікелей өлшеулер нәтижесінде анықталатын болса физикалық шамалармен байланыстыратын формула бойынша табу.

Физикалық шаманы өлшеудің нәтижесі әрқашанда оның сәйкес физикалық сипаттаманы неғұрлым дәл бейнелейтін шын мәнінен басқаша болып шығады.

*Нақты мән* (өлшеу нәтижесі) – физикалық шаманың эксперимент кезінде табылатын мәні.

*Тікелей өлшеулер кезінде* шаманың нақты мәнінің оның шын мәнінен ауытқуын мынадай себептер негіз болады:

1) өлшеу аспабын жасаудың жетілдірілмеуімен байланысты болатын және аспап шкалаларының бөлінуін бағалаумен анықталатын өлшеу аспабының дәлділігінің шектеулі болуы;

2) тәжірибе барысындағы сыртқы жағдайлардың тұрақсыздығы (мысалы, температураның немесе ауа қысымының өзгеріп тұруы);

3) эксперимент жасаушының кемелденбеген іс-әрекеттері (мысалы, секунд өлшеуішті қосуды кешіктіру, бақылаушының көзімен аспап шкаласындағы бөліну деңгейлерінің сәйкес келмеуі салдарынан ұзындықтың қате өлшенуі).

*Жанама өлшеулер кезінде* шаманың нақты мәнінің оның шын мәнінен ауытқуы мына себептерден туындайды:

1) өлшеу әдісінің дәл болмауы, яғни эксперименттің жүру жағдайын дұрыс бағаламау (мысалы, дененің қозғалысын зерттеу барысында ауаның кедергісі есепке алынбайды);

2) зерттеліп отырған объекті мен пайдаланып отырған ықшам физикалық модельдің толығымен сәйкес келмеуі (мысалы, өлшенуге тиісті білеуше оның қырлары мен төбелерінде ойыс немесе дөңес жерлердің болуы салдарынан шын мәніндегі параллелепипед бола алмауы мүмкін).

Өлшеу дәлдігі физикалық шаманың нақты мәнінің оның шын мәніне жуық болуымен анықталады. Өлшенетін шаманың нәтижесінің шын мәнінің ауытқуын өлшеу қателігі деп атайды. Физикалық шаманы өлшеудің сапасын абсолют және салыстырмалы қателіктер сипаттайды.

Тікелей бір ғана рет өлшеу кезіндегі абсолют қателік аспап қателігіне тең ( $\Delta a = \Delta a_{асп}$ ). Аспап (эксперимент) қателігі – құралының қателігі. Абсолют қателік өлшенетін шаманың бірліктерімен өрнектеледі. Өлшеудің абсолют қателігі неғұрлым аз болса, өлшеу соғұрлым дәл орындалады.

Кез-келген аспап өлшеуді қандай да бір дәлдікпен жүргізуге мүмкіндік береді. Сызықтық шкаласы бар өлшеу құралдары (сызғыш өлшеу лентасы, динамометр) үшін аспап қателігі шкаланың бөліктерінің құнының жартысына тең етіп алынады. Нониусы бар өлшеу аспаптары (штангенциркуль, микрометр) үшін абсолют қателік нониустың бөлінігінің бағалауына тең. Секундөлшеуіштің абсолют қателігі оның бөлік бағалауына тең болады.

Бір рет өлшеудің нәтижесін мына түрде жазу қабылданған:

$$a = a_{\text{нш}} \pm \Delta a, \quad (1)$$

мұндағы  $a_{\text{нш}}$  - физикалық  $a$  шамасының өлшенген мәні  $\Delta a = \Delta a_{\text{асп}}$ .

Абсолют қателік алдындағы « $\pm$ » таңбасы өлшенетін шаманың шын мәнінің ( $a_{\text{нш}} - \Delta a$ ,  $a_{\text{нш}} + \Delta a$ ) аралығында жататындығын білдіреді.

Бір рет тікелей өлшеу кезіндегі салыстырмалы қателік – абсолют қателіктің физикалық шаманың өлшенетін мәніне қатынасына тең болатын өлшемсіз физикалық шама:

$$\varepsilon = \frac{\Delta a}{a_{\text{нш}}} \quad (2)$$

Әр түрлі тікелей өлшеу шамаларды өлшеулер дәлдігін олардың салыстырмалы қателіктері бойынша салыстырады. Салыстырмалы қателік неғұрлым аз болса өлшеу дәлдігі соғұрлым жоғары болады.

Айталық, Жерден Күнге дейінгі қашықтық  $l_1 = 1.5 \cdot 10^8 \text{ км}$ .  $\Delta l_1 = 15 \text{ км}^3$  абсолют қателікпен, ал  $l_2 = 10 \text{ м}$  бөлменің ұзындығы

$\Delta l_1 = 1 \text{ мм}$  абсолют қателікпен өлшенген деп алайық. Бірінші өлшеудің салыстырмалы қателігі  $\varepsilon_1 = 10^{-7}$ , ал екіншісінікі –

$\varepsilon_2 = 10^{-4}$ . Бұл бірінші өлшеудің дәлдігінің екінші өлшеудің дәлдігіне қарағанда 1000 есе артық екендігін білдіреді, өйткені  $\frac{\varepsilon_1}{\varepsilon_2} = \frac{1}{1000}$ .

Физикалық шаманың мәнін тікелей бір рет өлшеудің дәлдігі тәжірибе барысында толығымен шығарып тастауға болмайтын екі қателік салдарынан онша үлкен болмайды. Олар: *кездейсоқ және жаңылыстан болатын қателіктер*.

Кездейсоқ қателік – қайталамалы өлшеулер кезінде кездейсоқ түрде өзгеретін қателік. Оны сыртқы әсерлердің тұрақсыздығын және эксперимент жүргізушінің жетілдірілмеген іс-әрекеттері тудырады.

Жаңылудан болатын қателікте нәтиже күтіп отырғаннан әлдеқайда артық болады. Бұл қателік аспаптың уақытша дұрыс жұмыс істемеуі салдарынан және есептеудегі қателіктен пайда болады.

Кездейсоқ факторлардың әсерінен азайту үшін берілген физикалық шаманы көп рет ( $a_1 a_2 \dots a_n$ ) өлшеу жүзеге асырылады. Бұл жағдайда қателік алынған нәтижелерді онан әрі өңдеу барысында алынып тасталады.

Физикалық шаманың нақты мәні ретінде өлшенетін шаманың орта арифметикалық мәні алынады.

$$a_{\text{орт}} = \frac{a_1 + a_2 + \dots + a_n}{n} \quad (3)$$

Мұндағы  $n$  – өлшеулер саны.

Мысал ретінде кездейсоқ шаманы бес рет өлшегендегі жағдайын қарастырайық ( $n = 5$ ).

Кездейсоқ қателікті (немесе орта арифметикалық мәнінің қателігін) өлшеу нәтижелерінің орта арифметикалық  $a_{\text{орт}}$  мәнінен ауытқуының орташа модулі ретінде бағалайды:

$$\Delta a_{\text{кезд}} = \frac{|a_1 - a_{\text{орп}}| + |a_2 - a_{\text{орп}}| + \dots + |a_3 - a_{\text{орп}}|}{5} \quad (4)$$

$a$  физикалық шаманы тікелей өлшеу кезіндегі  $\Delta a$  қорытқы абсолют қателік  $\Delta a_{\text{асп}}$  аспаптың қателікті де  $\Delta a_{\text{кезд}}$  кездейсоқ қателікті де қамтиды және олардың қосындысы түрінде табылады:

$$\Delta a = \Delta a_{\text{асп}} + \Delta a_{\text{кезд}} \quad (5)$$

Физикалық шаманың тура өлшеу нәтижесінде алынатын мән мына түрде жазылады:

$$a = a \pm \Delta a \quad (6)$$

Тікелей өлшеу кезіндегі салыстырмалы қателік – абсолют қателіктің өлшенетін шаманың орта арифметикалық мәнінің қатынасына тең болатын өлшемсіз физикалық шама:

$$\varepsilon = \frac{\Delta a}{a_{\text{орп}}} \quad (7)$$

Айталық, нониус бөлігінің бағалануы 0,02 мм болатын штангенциркульді пайдаланып, білеушенің  $l$  ұзындығын өлшеу керек болсын делік. Ол үшін біртіндеп төмендегі іс-әрекеттерді орындау қажет.

I. Кездейсоқ қателікті азайту үшін өлшеулер бес рет жүргізіледі және олардың  $l_k$  ( $k=1,2,\dots,5$ ) нәтижелері 1– кестеге біртіндеп жазылады.

II.

1-кесте

Іс-әрекеттер тізбегі	k	1	2	3	4	5
I	$l_k, \text{мм}$	30,25	30,3	30,25	30,35	30,25
II	$l_{\text{орп}}, \text{мм}$	30,28				
III	$ \Delta l_k  = (l_k - l_{\text{орп}})$	0,03	0,02	0,03	0,07	0,03
IV	$\sum_{k=1}^5  \Delta l_k , \text{мм}$			0,18		

II. Білеушенің  $t$  ұзындығының орта арифметикалық мәнін (3) формула бойынша есептейді, соңында өлшенетін шаманың нақты мәні анықталады. Сонда келтірілген эксперименттік мәндер үшін

$$l = \frac{30,25 + 30,3 + 30,25 + 30,35 + 30,25}{5} = 30,28 \text{ мм}$$

III. Бұдан соң өлшеудің  $\Delta l_{\text{кезд}}$  кездейсоқ қателігін табады. Әрбір  $k$ – сыншы өлшеу үшін  $l_{\text{орп}}$  орта арифметикалық мәннен ауытқу модулін ( $|\Delta l_k| = (l_k - l_{\text{орп}})$ ) есептейді.

IV. Барлық  $\Delta l_k$ -ларды қосып, (4) формула бойынша кездейсоқ қателікті есептейді:

$$\Delta l_{\text{кезд}} = \frac{|\Delta l_1| + |\Delta l_2| + |\Delta l_3| + |\Delta l_4| + |\Delta l_5|}{5} = \frac{0.03 + 0.02 + 0.03 + 0.07 + 0.03}{5} = 0.036 \text{ мм.}$$

Штагенциркульдің аспап қателігі нониус бөліктің бағалануына тең болады, яғни:

$$\Delta l_{\text{асп}} = 0.05 \text{ мм} = 5 \cdot 10^{-2} \text{ мм.}$$

Ұзындықты өлшеудің абсолют қателігін есептеу кезінде аспап қателігі мен кездейсоқ қателік қосылады ( (5)-формуланы қараңыз):

$$\Delta l = \Delta l_{\text{асп}} + \Delta l_{\text{опт}} = 0.086 \text{ мм.}$$

Физикалық шаманы өлшеудің соңғы нәтижесін жазудың белгілі бір ережесі бар.

Абсолют қателік үтірден кейінгі мәнді бір цифрмен алынады. Қарастырылып отырған жағдайда  $\Delta l = 0.09 \text{ мм}$  (Егер қателіктің шамасын сипаттайтын бірінші мәнді цифр 1 немесе 2 болса, онда мәнді екі цифрды сақтау керек ). Өлшенетін шаманың орта арифметикалық мәнінің соңғы цифрының разрядымен дәл келуі қажет. Сондықтан білеушенің ұзындығын өлшеудің ақтық нәтижесін мынадай түрде өрнектеу керек.

$$l = (30.28 \pm 0.09) \text{ мм}$$

Бір ғана физикалық шаманы әр түрлі дәлдікпен өлшеу нәтижесін дұрыс жазудың екі мысалын келтірейік. Айталық, шардың белгілі бір биіктіктен жерге құлап түсуіне кеткен орташа уақыт белгілі делік, ол  $t = 17.756 \text{ с}$  болсын. Өлшеудің абсолют қателігі бірінші тәжірибеде  $\Delta t = 0.362 \text{ с}$ , ал екінші тәжірибеде  $\Delta t_2 = 0.1564 \text{ с}$  болсын. Ақтық нәтижені жазу ережесіне сәйкес, бірінші тәжірибе үшін

$$t = (17.8 \pm 0.4) \text{ с,}$$

Ал екінші тәжірибе үшін

$$t = (17.76 \pm 0.16) \text{ с.}$$

Жанама өлшеу кезінде физикалық шаманың мәні ізделінеді шаманы басқа шамалармен байланыстыратын формула бойынша табылады. Формулада тікелей өлшеулер нәтижесінде алынған физикалық шамалар, құрлығының сипаттамасы, анықталмақ және кестелік мәліметтер, универсал тұрақтылар болуы мүмкін,

Жанама түрде өлшенетін шаманың қателігі есептеу формуласына енетін барлық шамалардың қателіктеріне тәуелді болады. Келтірілген шамалардың әрбір түрі үшін қателіктері қалай ескеруді біртіндеп қарастырайық.

Тікелей өлшеулер кезінде алынатын шамалардың қателіктерін анықтау жоғарыда талданған болатын.

Анықтамалық және кестелік мәліметтер үшін (егер олардың қателігі көрсетілген болса) қателік соңғы мәнді цифрдан кейін келетін разрядтың бес бірлігін құрайды.

Мысалы, судың тығыздығы  $\rho = 1,0 \text{ г/см}^3$ . Бұл мән жағдайындағы абсолют қателік  $\Delta \rho = 0,05 \text{ г/см}^3$ . Егер  $\rho = 1,00 \text{ г/см}^3$  болса, онда оның қателігі  $\Delta \rho = 0,006$  және т.с.с.

Көптеген кестелік мәліметтер мен универсал тұрақтылар жоғарғы дәлдікпен беріледі және калькуляторды қолдану кезінде олардың қателігін ескермеуге болады.

2-кестеде жанама түрде өлшенетін және абсолют қателіктерді  $\Delta a$  мен  $\Delta b$  болатын  $a$  мен  $b$  шамаларына тәуелді  $x$  физикалық шамасының  $\varepsilon$  салыстырмалы қателігін есептеуге арналған өрнектер келтірілген.

2-кесте

N	$x$	$\varepsilon = \frac{\Delta x}{x_{\text{опт}}}$
1	$C ( a + b )$	$\frac{\Delta a + \Delta b}{a_{\text{ср}} + b_{\text{ср}}}$

2	$C(a - b)$	$\frac{\Delta a + \Delta b}{a_{cp} - b_{cp}}$
3	$C \cdot ab$	$\frac{\Delta a}{a_{cp}} + \frac{\Delta b}{b_{cp}}$
4	$C \cdot a^k \cdot b^n$	$\frac{k\Delta a}{a_{cp}} + \frac{n\Delta b}{b_{cp}}$

$x$  шамасының  $\Delta x$  абсолют қателігі  $\Delta x = x_{opt} \varepsilon$  формуласы бойынша табылады.

Ақтық нәтижені мына түрде жазады:  $x = x_{opt} \pm \Delta x$ .

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аймағанбетова З. К., Серікбаева Г. Д., Шүңкеев Қ. Ш. Лабораториялық жұмыстарға оқу-әдістемелік құрал. –Ақтөбе, 2010ж 93бет
2. Құлбеков М., Әлімбаева Т. Жалпы физика курсы. Электр және магнетизмі. Оқу құралы. Алматы, 1997. 141б
3. Савельев И.В. Жалпы физика курсы. II-том, Электр: Оқу құралы. Алматы: Мектеп, 1977. 469б.

### ФИЗИЧЕСКИЕ ИЗМЕРЕНИЯ. ОШИБКИ ПРИ ФИЗИЧЕСКИХ ИЗМЕРЕНИЯХ

*Сагадинова А.Н., Тусупбаева М.Б.*

*Физика, как точная экспериментальная наука, базируется на количественных данных наблюдений. Свойства физических объектов и явлений характеризуются физическими величинами. Количественное значение физической величины является измерением. Измерение-экспериментальное определение значения физической величины с помощью средств измерений (технических средств или измерительных приборов). К техническим средствам относятся: линейка, измерительная лента, транспортир, мензурка и т. д. измерительные приборы: штангенциркуль, микрометр, весы, секундомер, динамометр, термометр, барометр и др.*

*Ключевые слова: абсолютная, относительная погрешность, измерение, физическая величина.*

### PHYSICAL MEASUREMENT. ERRORS IN PHYSICAL MEASUREMENTS

*Sagadinova A., Tusupbaeva M.*

*Physics is based on quantitative observationnal data, precise experimental science. Properties of physical objects and phenomena are characterized by physical quantities. The quantitative value of a physical quantity is expressed by measurements. Measurement-experimental determination of the value of a physical quantity using measuring instruments (technical means or measuring devices). Technical means include: ruler, measuring tape, protractor, beaker, etc. measuring devices: calipers, micrometer, scales, stopwatch, dynamometer, thermometer, barometer.*

*Key words: absolute, relative error, measurement, physical quantity.*

*Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 26.05.2020 ж.*

**TKINTER МОДУЛІНІҢ КӨМЕГІМЕН PYTHON-ДА GUI-ДІ ПРОГРАММАЛАУ**

Смагулова Л.А.

*Мақала Python бағдарламалау тілінің Tkinter модулімен жұмыс істеу негіздеріне арналған. Жұмыста графикалық қосымшаны құру қадамдарының реті, виджеттер түрлері, олардың негізгі қасиеттері, Tkinter модулінің Canvas (холст) графикалық элементінің геометриялық примитивтері қарастырылады, сондай-ақ векторлық графика элементтерін және пайдаланушының графикалық интерфейсін құру мысалдары келтіріледі.*

**Кілт сөздер:** *tkinter модулі, холст, геометриялық примитивтер, виджеттер, бағдарламалау, графикалық интерфейс.*

Python тілінің графикасының көмегімен фигуралар мен суреттерді салуға, анимацияны жасауға, Python-да математикалық есептеулерді визуалдауға болады, сонымен қатар Python бағдарламаларында компьютерлік ойындарда графика элементтерін пайдалануға болады.

Студенттермен жұмыс барысында қандай да бір бағдарламалау тілін үйрену кезінде графикамен жұмыс істеу оларда үлкен қызығушылық тудыратынын байқадым. Сандық есептеулер тапсырмаларын орындауда студенттер тілді үйренуге онша қызығушылық танытпайды, ал графикамен байланысты тақырыптарда олардың белсенділіктері әлдеқайда артады. Сондықтан, мақаламызда Tkinter модулін пайдаланып Python-да шағын графикалық бағдарламалар жазу жолдарын ұсынамыз.


Python дамыған графикалық пайдаланушы интерфейсі бар күрделі қосымшаларды құруды қамтамасыз ететін бірнеше графикалық кітапханалармен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие [1].

Біз Tkinter стандартты графикалық кітапханасын қарастырамыз. Бұл кітапхана Python-да графикалық интерфейстерді (GUI — Graphical User Interface) ұйымдастыруға арналған, сонымен қатар графикалық интерфейс элементінің canvas-тың, яғни сурет салу бетінің бар болуына байланысты Tkinter модулінде векторлық графика элементтерін- қисық, доға, эллипстер, тіктөртбұрыштар және т.б. қолдануға болады, сондай-ақ формулалар бойынша есептелген координаттар бойынша түзу және қисық сызықтарды салуға болады.

Замануи пайдаланушы, негізінен түрлі батырмалар, мәзір, белгілер, арнайы өрістерге ақпарат енгізу, тізімдерден қандай да бір анықталағын мәндерді таңдау және т.б. көмегімен бағдарламамен өзара әрекеттеседі. Бұл "бейнелер" белгілі бір мағынада графикалық интерфейссті қалыптастырады және болашақта біз оларды виджеттер деп атаймыз. Кейбір виджеттер (жақтаулар) басқа виджеттерді өз ішінде топтастыру үшін пайдаланылады. Арнайы *батырма* виджеті бар, оны шерткен кезде қандай да бір оқиға орын алады.

Виджеттер жиынтығы бар негізгі терезені келесі түрде бейнелеуге болады (1-ші сурет):





Сурет 1. Виджеттер жиынтығы бар негізгі терезенің сызбасы


Tkinter модулімен жұмыс істеу кезінде бірінші кезекте басқа графикалық элементтер орналастырылатын басты терезені құрып алу қажет. Алдымен, бөлек файлда негізгі терезені көрсету үшін келесі қарапайым бағдарламаны орындаймыз:

```
from tkinter import *
size = 600
root = Tk()
canvas = Canvas(root, width=600, height=600)
canvas.pack()
```

Код үзіндісіне түсініктеме беретін болсақ, мұндағы:

- `from tkinter import *` -графикамен жұмыс істеу әдістері бар модульді қосу;
- `root = Tk()` - негізгі терезені құру;
- `canvas = Canvas(root, width=600, height=600)` - өлшемдері берілген холст (сурет салу беті) құру;
- `canvas.pack()` — холсты терезе ішіне орнатуды көрсету.

Программаны орындау нәтижесі төмендегідей (2-сурет):



Сурет 2. Негізгі терезе

Келесі кезекте, осы терезеде жоғарыда айтып кеткен векторлық графика элементтерін салу және виджеттерді құру және оларды қолдану жолдарын мысалдар арқылы қарастырайық.

Бұл бағдарлама коды холста әртүрлі түсті, өлшемдері де әртүрлі тіктөртбұрыштар салуды демонстрациялайды:

```
from random import *# кездейсоқ сандар модулі
fromtkinter import *
size = 600
root = Tk()
canvas = Canvas(root, width=size, height=size)
canvas.pack()
diapason = 0
while diapason < 1000:
    colors = choice(['aqua', 'blue', 'fuchsia', 'green', 'maroon', 'orange',
    'pink', 'purple', 'red', 'yellow', 'violet', 'indigo', 'chartreuse', 'lime'])
    x = randint(0, size)
    y = randint(0, size)
    d = randint(0, size/5)
    canvas.create_rectangle(x, y, x+d, y+d, fill=colors)#әртүрлі өлшемдегі, әртүрлі түсті
```

тіктөртбұрыштар салу

```
root.update()
```

```
diapason += 1
```

Программаны орындау нәтижесі 3-ші суретте берілген.



Сурет 3. Программаны орындау нәтижесі

Енді графиктік интерфейсті қолданбалар құруға арналған кейбір виджеттерге тоқталып кетейік.

Виджеттің әрбір класы белгілі бір қасиеттерге ие, қасиеттердің мәндерін оларды құру кезінде беруге болады, сонымен қатар қасиеттердің мәндерінің өзгертуді пайдаланушы әрекеті кезінде және бағдарламаны орындау нәтижесінде бағдарламалауға болады[2].

Екі санның қосындысын табуда виджеттерді пайдалану жолын қарастырайық. Бізге бұл есепті орындау үшін: жазба объектісі, мәтіндік өріс және батырма-виджеті қажет

болады. Сондықтан, есептің кодын жазбастан бұрын, осы объектілерге сипаттама беріп кетейік.

Объект-батырма Tkinter модулінің Button класын шақыру арқылы құрылады. Бұл жағдайда міндетті аргумент негізгі виджет, яғни негізгі терезе болып табылады. Басқа қасиеттер батырманы құру кезінде немесе кейінірек көрсетілуі мүмкін [3]. Объектінің синтаксисі:

*айнымалы = Button (негізгі\_виджет,[қасиет=мән,. ])*

мысалы,

*but = Button(root, text="Бұл батырма", # батырма бетіндегі жазба  
width=30,height=5, # батырманың ұзындығы мен ені  
bg="white",fg="blue"#батырманың фон және жазба түсі)*

Жазбалар - мәтін жолын (немесе бірнеше жолды) қамтитын және негізінен пайдаланушыны хабардар етуге арналған қарапайым виджеттер:


*lab = Label(root, text="Бұл жазба! \n екі жолдан құралған.", font="Arial 14")*

Біржолды мәтіндік өріс tkinter модулінің Entry класын шақыру арқылы құрылады:

*ent = Entry(root,width=20,bd=3).*

Осы виджеттерді екі санның көбейтисін табуда қолдану коды:

```
from tkinter import *
root=Tk()
root.title(' Екі санның көбейтіндісі')
lbl1=Label(root,text='Бірінші сан a=',fg="blue",font='Arial 12' ) # жазба құрамыз
lbl1.pack() # терезеге орналастырамыз
EntryA=Entry(root,width=10,fg="red",font='Arial 10') # мәтіндік өріс құрамыз
EntryA.pack() # негізгі терезеге орналастырамыз
lbl2=Label(root,text='Екінші сан b=',fg="blue", font='Arial 12' )
lbl2.pack()
EntryB=Entry(root,width=10,fg="red", font='Arial 10')
EntryB.pack()
lbl3=Label(root,text='a*b',fg="blue", font='Arial 12' )
lbl3.pack()
EntryC=Entry(root,width=20,fg="red", font='Arial 10')
EntryC.pack()
# батырманы басу оқиғасы
def proizv():
a = EntryA.get() # бірінші өрістен тексті аламыз
a = int(a) # бүтін санға түрлендіреміз
b = EntryB.get()
b = int(b)
result = str(a * b) # нәтижені шығару үшін str типіне түрлендіреміз
EntryC.delete(0, END) # текстік өрісті тазалаймыз
EntryC.insert(0, result) # нәтижені басына қоямыз
but=Button(root,text='Нәтиже', command=proizv)
but.pack() # батырманы негізгі терезеге орналастырамыз
Кодты орындау нәтижесі 4-ші суретте берілген.
```



Сурет 4. Екі санның көбейтінсін табуға арналған интерфейстік қолданба мысалы

Tkinter модулінің Canvas (холст) графикалық элементінің графикалық примитивтерін пайдаланып, холста әртүрлі бейнелер салуға, оларды қозғалысқа келтіруге болады, сонымен қатар модульдің графикалық интерфейсті қолданбалар құру мүмкіндігі өте кең. Біз жұмысымызда модульдің аз ғана мүмкіндіктері көрсетіп отымыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Федоров, Д. Ю. Программирование на языке высокого уровня Python: учеб. пособие для прикладного бакалавриата / Д. Ю. Федоров. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательство Юрайт, 2019. — 161 с.
2. Программирование на Python для начинающих: [перевод с англ. М.А. Райтмана] / Майк МакГрант — М.: Эксмо, 2015 - 192с.
3. <https://ideafix.name/wp-content/uploads/2012/08/Python-12.pdf>

## ПРОГРАММИРОВАНИЕ GUI В PYTHON С ПОМОЩЬЮ МОДУЛЯ TKINTER

Смагулова Л.

*Статья посвящена к основам работы с модулем Tkinter языка программирования Python. В работе рассматривается последовательность шагов создания графического приложения, виды виджетов, их основные свойства, геометрические примитивы графического элемента Canvas (холст) модуля Tkinter, а также приводятся примеры создания элементов векторной графики и графического интерфейса пользователя.*

**Ключевые слова:** модуль Tkinter, холст, геометрические примитивы, виджеты, программирование, графический интерфейс.

## TKINTERPROGRAMMING THE GUI IN PYTHON USING THE TKINTER MODULE

Smagulova L.

*The article is devoted to the basics of working with the Tkinter module of the Python programming language. The paper considers the sequence of steps for creating a graphical*

*application, types of widgets, their main properties, geometric primitives of the Canvas graphic element of the Tkinter module, and provides examples of creating vector graphics and graphical user interface elements.*

**Key words:** *tkinter module, canvas, geometric primitives, widgets, programming, graphical interface.*

*Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 16.06.2020 ж.*

ӘОЖ-373.1.02:372.8:514

## МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ТУРАЛЫ

*Тасболатова Р.Б., Қаратас Ж.М.*

*Мақалада қазақ халқы ағартушыларының ұлттық дүниетаным туралы ой-пікірлері келтіріліп, оны математика сабағында қолданудың маңыздылығы мен ерекшелігі көрсетілген. Мектептерде математиканы оқытудың негізгі мақсаттары мен оқушылардың пәнге қызығушылығын, тәрбиелік қасиеттерін, патриоттық сезімін дамыту қарастырылған.*

**Кілт сөздер:** *Ұлттық дүниетаным, математика пәні, білім беру жүйесі, патриоттық сезім, тәлім-тәрбие, рухани адамгершілік, ұлттық салт- дәстүрлер.*

Тәуелсіздік жылдарында халқымыз экономикалық жаңару мен саяси реформаны қатар жүргізе отырып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізді. Ал қазіргі кезде жана тарихи кезеңге – Рухани жаңғыру кезеңіне аяқ басты. Рухани жаңғыру біздің ұлттық санамызды қалыптастырып бәсекеге қабілетті болуды, жалпы алғанда ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып дамуымызды талап етеді. Рухани жаңғырудың ең басты шарты – «көзі ашық, көкірегі ояу, білімді болуға ұмтылу». Өйткені, **ҚР тұңғыш Президенті Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** атты Бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс». Яғни еліміздің болашағы ұлттық дүниетанымызға байланысты. Оның ертеңі – жас ұрпақтың қолында. [1]

XIX ғасырдың екінші жартысында Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Кұнанбаев, Ш. Кұдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев секілді қазақ халқының ғұлама ғалымдары тәлім – тәрбиенің негізін, білімнің нәрін өз еңбектерінде жазып, келешек ұрпаққа қалдырып кеткен. Бұл ағартушыларымыздың еңбектеріндегі қазақ халқының тәлім – тәрбиесі, әдет – ғұрыптары, салт – дәстүрлері, мақал - мәтелдері, фольклорлық жырлар мен көркем шығармалары, ертегілері мен аңыз әңгімелері, тілі мен мәдениеті ұлттық тәрбиенің негізіне айналды.

Қазақ ағартушысы, ұстаз Ы. Алтынсариннің ұлағатты сөздері, педагогикалық мұралары, тәрбиелік шығармаларының алар орны ерекше. Оларды қазіргі уақытта ұлттық мәдениет пен салт – дәстүрді қайта жаңғырту кезінде насихаттау мен дәріптеуіміз қажет.

Қазақ ағартушысы М. Жұмабаевтың «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті» деген ұлағатты сөзі қазіргі заманға сай еліміздегі ұлттық мектептің қалыптасуын меңзейді.

Халқымыздың бала тәрбиесінде атам заманнан жинаған мол тәжірибесі бар. Оның ең жақсы қасиеттерін байытып, ұл – қыздарымыздың бойына сіңіру халықтық тәрбие беруді саралап, ұлттық тәлім – тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста дамыту және оны ұрпақтан – ұрпаққа жалғастыру көзделеді. Осыны ескеріп, жалпы білім беретін қазақ мектептерінде пәндерді оқытқанда білім беру мазмұнында қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі өмір

тәжірибесінен, салт – дәстүрінен, рухани байлығынан көрініс беріп отырса, құба – құп болар еді.

Ұлттық дүниетаным ерекшеліктерінің сабақ берудің негізі болуы қазіргі тандағы қазақ мектептерінде математиканы оқытудың мақсаттарын жүзеге асыруда өмір талабы болып отыр. Өйткені салт – дәстүр, әдет – ғұрып, ұлттық ойындар т.б. оқушылардың дүниетанымын, патриоттық және рухани сезімін, адамгершілік қасиетін, мінез – құлқын қалыптастыруда математикаға қызығушылығын арттыра отырып тәрбиелік білім беруде зор мәнге ие. Мысалы, табиғаттағы құбылыстар арасындағы қатынастардың сандық сипаты мен нәрсенің табиғи-математикалық кескіні болып табылатын геометриялық денелер қазақ халқының дүниетанымында ұлттық өзіндік сипатқа ие болып, өмірлік тәжірибеде кең қолданыс табуының ғылыми негізін қалаған. Жалпы қазақ халқының танымдық мұрасы өте мол. Қазақ халқының тарихындағы әлі белгісіз немесе ұмытылған рухани мұраларды ашып және оларды әртүрлі қырларынан көрсетіп, жүйелейтін зерттеулер мен ғылыми-көпшілік әдебиеттер қажеттілігі туындап отыр. [2]

Математика мен математиканы оқыту ерте заманнан – ақ күрделі түрде жүреді. Себебі адамзаттың тіршілік етуінің негізгі шарттары – ұрпақтан – ұрпаққа ғылыми білім ауысып берілуі, яғни оқыту әдістемесінің қалыптасуы болып табылады.

Математиканы оқып үйрену адамның ақыл – ойының дамуына да үлкен әсер етеді. Оқушы математиканы білу барысында ғылыми таным әдістерін меңгеру негізінде логикалық ой қорытуға, өз ойын дәлелдеп жеткізуге және берілген ереже бойынша өз бетінше тапсырмаларды орындай алуға, өз жұмысын жоспарлауға, оны орындаудың тиімді әдістерін қарастыруға, математикалық ойды қорытудың әсемдігі мен сұлулығын байқай білуге үйренеді.

